талапкер оқуға түсті, оның ішінде біздің базалық мектептерден 49 оқушы (63,5 %) оқуға түсті. Мектеп оқушылары педагогикалық жоғары оқу орындарына оқуға түскен кезде математиканы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін бірден байланыс орнатылды. Университетке республиканың басқа аймақтарынан келген талапкерлер 36,5 % құрады. Бірінші курс студенттерінің басым көпшілігі орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етуге дайын болғандықтан, олармен жұмысты жалғастыру әлдеқайда жеңіл болды.

Эксперименттің басында және соңында студенттер педагогикалық жоғары оқу орнында математиканы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етуге дайындық деңгейін анықтау үшін сауалнама мен тестілеуге қатысты.

Болашақ математика мұғалімінің мектеп пен жоғары оқу орындарының сабақтастығын жүзеге асыруға дайындық деңгейін көрсететін негізгі критерийлер айқындалды:

$K_1$  - білім алушыларды математиканы оқуға ынталандыруға дайындық;

$K_2$  - орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары мен оқыту әдістерінде өзара байланысты қамтамасыз ету;

$K_3$  - жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогикалық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығының әртүрлі формаларын жүзеге асыруға дайындық;


$K_1, K_2, K_3$  – болашақ математика мұғалімінің мектеп пен жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыруға дайындық белгілері.

Осы критерийлер бойынша студенттердің дайындық деңгейлері анықталып, нәтижелері 5-кестеде берілген.

5-кесте - Педагогикалық экспериментке дейінгі және соңындағы болашақ математика пәні мұғалімдерінің үш критерий бойынша дайындық деңгейлері

| Дайындық деңгейлері           | Эксперименттің басы |        |                 |        | Эксперименттің соңы |        |                 |        |
|-------------------------------|---------------------|--------|-----------------|--------|---------------------|--------|-----------------|--------|
|                               | Эксперименттік топ  |        | Бақылау тобы    |        | Эксперименттік топ  |        | Бақылау тобы    |        |
|                               | Студенттер саны     | сапа % | Студенттер саны | сапа % | Студенттер саны     | сапа % | Студенттер саны | сапа % |
| Психологиялық                 | 38                  | 42,4   | 36              | 41,2   | 38                  | 60,2   | 36              | 48     |
| Мазмұндық (математика)        | 38                  | 56,1   | 36              | 55     | 38                  | 74     | 36              | 55,8   |
| Практикалық (оқыту дағдылары) | 38                  | 43,4   | 36              | 44     | 38                  | 56     | 36              | 46     |

Педагогикалық экспериментке дейінгі және соңындағы студенттердің дайындық деңгейінің айырмашылығын көрсету үшін мәліметтер 2-суретте ұсынылды және бақылау тобының нәтижелерімен салыстырылды.



2-сурет - Педагогикалық экспериментке дейін және соңында математиканы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етуге студенттердің дайындық деңгейі

Педагогикалық эксперименттің соңында студенттердің жұмысқа психологиялық дайындық деңгейі эксперименттік топта 17,8 %-ға, бақылау тобында 6,8 %-ға жоғарылады. Мазмұндық компонент бойынша студенттерінің дайындық деңгейі эксперименттік топта 17,9 %-ға артса, бақылау тобында дерлік өзгеріссіз қалды. Оқыту дағдылары бойынша студенттердің дайындық деңгейі эксперименттік топта 12,6 %-ға, бақылау тобында 2 %-ға артты.

Сонымен біз әзірлеген математиканы оқытудың сабақтастығының теориялық және практикалық негіздері орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру процесін іс жүзінде жоғары деңгейде көтеруге мүмкіндік берді.

### Қорытынды

«Орта мектеп — педагогикалық жоғары оқу орны» жүйесінде математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асырудың ұсынылған әдістемесі негізінде біз «оқытудың сабақтастығы» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтадық.

Орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыруда анықталған кемшіліктерді ескере отырып, осы сабақтастықты қамтамасыз етудің педагогикалық жағдайлары анықталды.

Зерттеу нәтижесінде мектеп пен жоғары педагогикалық білім беру арасындағы өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру әдістемесі жасалды.

«Орта мектеп — педагогикалық жоғары оқу орны» жүйесінде математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігі Алматы қаласындағы мектептерде және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының жұмысы тәжірибелі-эксперимент барысында дәлелденді.

Педагогикалық жоғары оқу орны студенттеріне математиканы оқытудың сабақтастығы мәселесі мектепте де, педагогикалық жоғары оқу орындарында да математиканы оқытудың мазмұны, әдістері, құралдары мен формаларының өзара байланысы ескере отырып шешілді.

Сонымен, Алматы қаласы мектептерінде және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында әзірленген математиканы

оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру әдістемесі басқада педагогикалық жоғары оқу орындарының математика пәнінің оқытушылары, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің математика мұғалімдері өз қызметтерінде пайдалана алады. Бұл білім алушылардың, сондай-ақ педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерінің білім сапасын жетілдіруге және арттыруға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В., Шишов С.Е. (2017). Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования: Монография.–Алматы: Атамура, 2017.–272 с.

Абылкасымова А.Е., Жумагулова З.А. (2016). О некоторых аспектах содержания математического образования в школе и педвузе //Наука и Школа. – М: МПГУ, 2016. – № 1. – С. 157–161.

Alma E. Abylkassymova. (2018). On Mathematical-Methodical Training of Future Mathematics Teacher in the Conditions of Content Updating of School Education //Modern Journal of Language Teaching Methods (MJLTM). ISSN: 2251 – 6204. Vol. 8, Issue 3, March 2018. – Iran. – Pp.411–414 (Web of Science).

Alma E. Abylkassymova, Zhanar A. Kalybekova, Larissa U. Zhadraveva, Yessenkeldy A. Tuyakov, Gulaim B.I Iyassova. (2021). Theoretical foundations of the professional direction of teaching mathematics course in higher Educational Institutions //Global and Stochastic Analysis. - Vol. 8. - No. 2. - 2021. – Pp.311–322. <https://www.mukpublications.com/gsa-vol-8-no-2-2021.php>. (Scopus). Процентиль – 94.

Батаршева А.В. (1996). Преемственность обучения в общеобразовательной и профессиональной школе. СПб.: Ин-т профтехобразования РАО, 1996. – 80с.

Войтелева Г.В. (1999). Преемственность в изучении чисел в начальной и основной школе: Автореф. дисс... канд. пед. наук. – М., 1999. – 17 с.

Воронина Л.В. (1999). Реализация преемственности в обучении математике (1-6 кл.). Дисс... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 1999. – 224 с.

Botuzova Yuliia. (2020). Factors of Providing the Continuity of Teaching Mathematics During Transition from High School to University. // Universal Journal of Educational Research 8(3): 857–865, 2020. <http://www.hrpub.org> DOI: 10.13189/ujer.2020.080316.

Briggs R.J., Clark J. & Hall I. (2012). Building Bridges: Understanding Students' Transition to University, 2012. – С. 3–21. <https://doi.org/10.1080/13538322.2011.614468>

Годник С.М. (1981). Процесс преемственности высшей и средней школы. –Воронеж: ВГУ, 1981. – 207 с.

Годник С.М. (1990). Преемственность воспитательно-образовательной деятельности в условиях непрерывного образования //Перспективы развития системы непрерывного образования. – М.: Педагогика, 1990.

Дорофеев Г.В. (1998). Непрерывный курс математики в школе и проблема преемственности: 5-10 кл. – Ж.: Математика в школе. – 1998. – № 5. – С. 70–76.

Didovik M. (2007). Continuity of Physical and Mathematical Preparation in Lyceums and Higher Educational Institutions III - IV Accreditation Levels, Vinnytsia, 2007.

Dilara M. Nurbaeva, Alma E. Abylkassymova, Zhanara M. Nurmukhamedova and Bulbul Erzhenbek. (2023). The Role of Educational Programs in the Development of Secondary Education (on the Example of Training Mathematics Teacher) //Mind, Brain, and Education. – Volume 17. – №1. – 2023. – Pp. 1–6. (Scopus, процентиль 71, Q2).

Зайниев Р.М. (2012). Преемственность профессионально-ориентированного содержания математического образования в системе «школа — колледж — вуз»: Дис... докт. пед. наук. Ярославль, 2012. – 429 с.

Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.07.2018г.). – Астана, 2018. – 197с.

Истомина Н.Б., Воителева Г.В. (2003). Преемственность при изучении чисел в начальной и основной школе. – М.: Московский психолого-социальный институт, 2003. – 114 с.

Кустов Ю.А. (1982). Преемственность в системе подготовки технических специалистов // Под ред. А.А. Кыверляги. – Саратов : Изд-во СУ, 1982. – 178 с.

Лукашкин Г.Л. (1989). Научно-методические основы профессиональной подготовки учителя математики в педагогическом институте.: Дис...докт. пед. наук. – ЛПИ, 1989. – 59 с.

Мороз А.Г. (1972). Пути обеспечения преемственности в самостоятельной работе учащихся общеобразовательной школы и студентов вуза (на материале школ и вузов УССР): Автореф. дисс... канд. пед. наук. Киев, 1972. – 24 с.

Мордкович А.Г. (1986). Профессионально-педагогическая направленность специальной подготовки учителя математики в педагогическом институте. – Автореф...докт. пед. наук. – АПН СССР, НИИ СИМО. – М., 1986. – 36 с.

Пышкало А.М. (1978). Методические аспекты проблемы преемственности в обучении математике //Преемственность в обучении математике. Пособие для учителей. – М., 1978. – С. 3–12.

Passey Don. Technology-enhanced learning: Rethinking the term, the concept and its theoretical background. *British Journal of Educational Technology*, 2019, 50. 10.1111/bjet.12783.

Скаткин М.Н. (1980). Проблемы современной дидактики. – М. : Педагогика, 1980. – 96 с.

Оразбекова Л.Н. (2015). Пути реализации преемственности обучения математике в условиях перехода на двенадцатилетнее обучение в школах Казахстана.// Известия РГПУ им. А. И. Герцена, 2015.

#### REFERENCES

Abylkasymova A.E., Ryzhakov M.V., Shishov S.E. (2017). Modern trends in the development of continuous pedagogical education: Monograph.–Almaty: Atamura, 2017.–272 p.

Alma E. Abylkassymova. (2018). On Mathematical-Methodical Training of Future Mathematics Teacher in the Conditions of Content Updating of School Education //Modern Journal of Language Teaching Methods (MJLTM). ISSN: 2251 – 6204. Vol. 8, Issue 3, March 2018. – Iran. – Pp. 411–414 (Web of Science).

Alma E. Abylkassymova, Zhanar A. Kalybekova, Larissa U. Zhadrayeva, Yessenkeldy A. Tuyakov, Gulaim B. Iliyassova (2021). Theoretical foundations of the professional direction of teaching mathematics course in higher Educational Institutions //Global and Stochastic Analysis. - Vol. 8. - № 2. - 2021. – Pp. 311–322. <https://www.mukpublications.com/gsa-vol-8-no-2-2021.php>. (Scopus). Процентиль – 94.

Abylkasymova A.E., Zhumagulova Z.A. (2016). On some aspects of the content of mathematical education at school and pedagogical university // Science and School. - M: MSGU, 2016. - № 1. - Pp. 157–161.

Batarshev A.V. (1996). Continuity of education in general education and vocational schools. St. Petersburg: Institute of Vocational Education of the Russian Academy of Education, 1996. – 80 p.

Botuzova Yuliia. (2020). Factors of Providing the Continuity of Teaching Mathematics During Transition from High School to University. // Universal Journal of Educational Research 8(3): 857–865, 2020. <http://www.hrpub.org> DOI: 10.13189/ujer.2020.080316.

Briggs R.J., Clark J. & Hall I. (2012). Building Bridges: Understanding Students' Transition to University, 2012. – Pp. 3–21. <https://doi.org/10.1080/13538322.2011.614468>

Voiteleva G.V. (1999). Continuity in the study of numbers in primary and secondary schools: Abstract of the thesis. diss ... cand. ped. Sciences. - M., 1999. - 17 p.

Voronina L.V. (1999). Implementation of continuity in teaching mathematics (grades 1-6). Diss... cand. ped. Sciences. - Yekaterinburg, 1999. - 224 p.

Dorofeev G.V. (1998). Continuous course of mathematics at school and the problem of succession: 5-10 cells. - J.: Mathematics at school. - 1998. - № 5. - Pp. 70–76.

Didovik M. (2007). Continuity of Physical and Mathematical Preparation in Lyceums and Higher Educational Institutions III - IV Accreditation Levels, Vinnytsia, 2007.



Dilara M. Nurbaeva, Alma E. Abylkassymova, Zhanara M. Nurmukhamedova and Bulbul Erzhenbek (2023). The Role of Educational Programs in the Development of Secondary Education (on the Example of Training Mathematics Teacher) //Mind, Brain, and Education. – Volume 17. – №1. – 2023. – Pp. 1–6. (Scopus, процентиль 71, Q2).

Istomina N.B., Voiteleva G.V. (2003). Continuity in the study of numbers in primary and secondary schools. - M.: Moscow Psychological and Social Institute, 2003. - 114 p.

Godnik S.M. (1990). Continuity of upbringing and educational activities in conditions of continuous education // Prospects for the development of the system of continuous education. - M. : Pedagogy, 1990.

Godnik S.M. (1981). The process of succession of higher and secondary schools. - Voronezh: VGU, 1981. - 207 p.

Kustov Yu.A. (1982). Continuity in the system of training technical specialists // Ed. A.A. Kiverlyagi. - Saratov: Publishing house of SU, 1982. - 178 p.

Lukankin G.L. (1989). Scientific and methodological foundations of professional training of a teacher of mathematics at a pedagogical institute.: Dis...doct. ped. Sciences. - LGI, 1989. - 59 p.

Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" dated July 27, 2007 No. 319-III (as amended and supplemented as of July 4, 2018). - Astana, 2018. – 197 p.

Moroz A.G. (1972). Ways to ensure continuity in the independent work of secondary school students and university students (on the material of schools and universities of the Ukrainian SSR): Abstract of the thesis. diss ... cand. ped. Sciences. Kyiv, 1972. - 24 p.

Mordkovich A.G. (1986). Professional and pedagogical orientation of special training of a teacher of mathematics in a pedagogical institute. - Author's abstract ... doc. ped. Sciences. - APS of the USSR, NII SIMO. - M., 1986. - 36 p.

Orazbekova L.N. (2015). Ways to implement the continuity of teaching mathematics in the context of the transition to twelve-year education in schools of Kazakhstan.// Izvestiya RGPU im. A. I. Herzen, 2015.

Passey Don. Technology-enhanced learning: Rethinking the term, the concept and its theoretical background. British Journal of Educational Technology, 2019, 50. 10.1111/bjet.12783.

Pyshkalo A.M. (1978). Methodological aspects of the problem of continuity in teaching mathematics // Continuity in teaching mathematics. A guide for teachers. - M., 1978. - Pp. 3–12.

Skatkin M.N. (1980). Problems of modern didactics. - M.: Pedagogy, 1980. - 96 p.

Zainiev R.M. (2012). Continuity of the professionally oriented content of mathematical education in the system "school-college-university": Dis... doc. ped. Sciences. Yaroslavl, 2012. - 429 p.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991–3494  
Volume 4. Number 404 (2023), 26-44  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.532>

ӨӘЖ 37.372.857  
FTAMP 14.35.09

© **A.G. Aubakir\***, **A.D. Maimataeva**<sup>1</sup>, **S.V. Sumatokhin**<sup>2</sup>, **D.U. Seksenova**<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University after named Abai, Kazakhstan, Almaty;  
<sup>2</sup>Moscow city university, Moscow, Russia.  
E-mail: danaganievn75@gmail.com

## **FORMATION OF DIGITAL COMPETENCIES IN THE PROCESS OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE BIOLOGY TEACHERS**

**A.G. Aubakir** — doctoral student of the 2nd year in the educational program «8D01513-Biology», Kazakh National Pedagogical University after named Abai Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: danaganievn75@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-1853-5521>;

**A.D. Maimataeva** — PhD, Kazakh National Pedagogical University after named Abai Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: maimataeva\_asia@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4256-0802>;

**S.V. Sumatokhin** — doctor of pedagogical science, professor, Moscow city university, Russia, Moscow  
E-mail: sumatohins@mgpu.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9027-4085>;

**D.U. Seksenova** — senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University after named Abai Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: s.dana\_1971@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3017-9713>.

**Abstract.** The article discusses the rapid development of digital technologies and their impact on the education system, as well as the importance of increasing the digital competence of future biologists through the use of digital technologies in teaching biology. The issue of informatization of education, including the formation of digital competencies of future specialist teachers, is becoming relevant. The information base of the subject of biology is expanding day by day. In this regard, the ways and principles of the formation and development of the quantitative competence of teachers who absorb biological knowledge into the consciousness of the future generation are of great importance. It begins with the use of simple information and communication technologies, sorting information on the Internet, in books, its distribution and proper use. As a result, each teacher conveys correct and verified information to students. The article presents the optimal solutions for the effectiveness and use of methods and tools aimed at the formation of quantitative competencies of future biologists. In addition, the concept of Massive Open Online Courses (MOOCs) is widely considered. The advantages of MOOCs for the formation of quantitative competence of future biology teachers are highlighted, methods for the successful implementation of MOOCs in the educational process

are discussed. For the introduction of online courses, it is recommended to introduce a course on the subject "Methods of teaching biology" into the curriculum, and a structural-content model for the formation of digital competencies in the process of professional training of future biology teachers is proposed. This article contributes to the formation of digital competence in the educational process of students through information and communication technologies using new information systems and digital portals during the study of biology and contributes to a deeper understanding of the issue of digitalization of education.

**Keywords:** digital competence, digital literacy, formation of digital competence, formation of digital literacy, information culture, information and communication technologies

© А.Г. Аубакир<sup>1\*</sup>, А.Д. Майматаева<sup>1</sup>, С.В. Суматохин<sup>2</sup>,  
Д.У. Сексенова<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы;

<sup>2</sup>Мәскеу қалалық университеті, Ресей, Мәскеу.  
E-mail: danaganieva75@gmail.com

## БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**А.Г. Аубакир** — «8D01513-Биология» мамандығының 2 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: danaganieva75@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-1853-5521>;

**А.Д. Майматаева** - PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: maimataeva\_asia@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4256-0802>;

**С.В.Суматохин** — педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық университеті, Ресей, Мәскеу

E-mail: sumatohins@mgpu.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9027-4085>;

**Д.У.Сексенова** — аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: s.dana\_1971@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3017-9713>.

**Аннотация.** Мақалада цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың білім беру жүйесіне әсері, сонымен қатар биологияны оқытуда цифрлық технологияларды қолдану арқылы болашақ биологтардың цифрлық құзыреттілігін арттырудың маңыздылығы қарастырылған. Білім беруді ақпараттандыру, соның ішінде болашақ педагог мамандардың цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Заман талабына сай биология пәнінің ақпараттық базасы күннен-күнге кеңеюде. Осыған орай, биологиялық білімді болашақ ұрпақтың санасына сіңіретін педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту жолдары және қағидалары аса маңызды болып отыр. Ол қарапайым ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды қолданудан бастап, желідегі, кітаптағы ақпаратты саралап, оны дұрыс таратып, пайдаланудан бастау алады. Нәтижесінде, әрбір педагог дұрыс, әрі тексеруден өткен ақпаратты білім алушыларға таратады. Мақалада болашақ биолог мамандардың цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер мен құралдардың тиімділігі мен қолданылуының оңтайлы шешімдері ұсынылған. Сонымен қатар, жаппай ашық онлайн курстар (MOOCs) тұжырымдамасы кеңінен қарастырылады. Болашақ биология мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін MOOC артықшылықтары атап өтілді және оқу процесіне MOOC табысты енгізу әдістері талқыланады. Онлайн курстарды енгізу үшін оқу бағдарламасына «Биологияны оқыту әдістемесі» пәніне курс енгізу қағидалары және болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлау үрдісінде цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрлымдық-мазмұндық моделі ұсынылды. Бұл мақала биологияны оқу кезеңінде жаңа ақпараттық жүйелер мен цифрлық порталдарды пайдалана отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттерді оқыту мен оқыту үдерісінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға және білім беруді цифрландыру мәселесін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** цифрлық құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру, цифрлық сауаттылықты қалыптастыру, ақпараттық мәдениет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

© А.Г. Аубакир<sup>1\*</sup>, А.Д. Майматаева<sup>1</sup>, С.В. Суматохин<sup>2</sup>,  
Д.У. Сексенова<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы;

<sup>2</sup> Московский городской педагогический университет, Россия, Москва.  
E-mail: danaganieva75@gmail.com

## **ФОРМИРОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГИИ**

**А.Г. Аубакир** — докторант 2 курса специальности «8D01513-Биология», Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы  
E-mail: danaganieva75@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0003-1853-5521>;

**А.Д. Майматаева** — PhD, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы  
E-mail: maimataeva\_asia@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4256-0802>;

**С.В. Суматохин** — доктор педагогических наук, профессор, Московский городской педагогический университет, Россия, Москва  
E-mail: sumatohins@mgpu.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9027-4085>;

**Д.У. Сексенова** — старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы

E-mail: s.dana\_1971@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3017-9713>.

**Аннотация.** В статье рассматривается бурное развитие цифровых технологий и их влияние на систему образования, а также важность повышения цифровой компетентности будущих биологов за счет использования цифровых технологий в обучении биологии. Актуальным становится вопрос информатизации образования, в том числе формирования цифровых компетенций будущих специалистов-педагогов. Информационная база предмета биология расширяется день ото дня. В связи с этим большое значение имеют пути и принципы формирования и развития количественной компетентности учителей, впитывающих биологические знания в сознание будущего поколения. Начинается с использования простых информационно-коммуникационных технологий, сортировки информации в Интернете, в книгах, ее распространения и правильного использования. В результате каждый преподаватель доносит до учащихся правильную и проверенную информацию. В статье представлены оптимальные решения по эффективности и использованию методов и средств, направленных на формирование количественных компетенций будущих биологов. Кроме того, широко рассматривается концепция массовых открытых онлайн-курсов (МООК). Выделяются преимущества МООК для формирования количественной компетентности будущих учителей биологии, обсуждаются методы успешного внедрения МООК в образовательный процесс. Для внедрения онлайн-курсов рекомендуется ввести в учебный план курса по предмету «Методика преподавания биологии», а также предлагается структурно-содержательная модель формирования цифровых компетенций в процессе профессиональной подготовки будущих учителей биологии. Данная статья способствует формированию цифровой компетентности в учебно-воспитательном процессе студентов посредством информационных и коммуникационных технологий с использованием новых информационных систем и цифровых порталов в период изучения биологии и способствует более глубокому пониманию вопроса цифровизации образования.

**Ключевые слова:** цифровая компетентность, цифровая грамотность, формирование цифровой компетентности, формирование цифровой грамотности, информационная культура, информационно-коммуникационные технологии

### **Кіріспе**

Адамзат өркениетінің қазіргі даму кезеңі цифрлық қоғамның қалыптасу жағдайымен сипатталады.

Қазіргі таңда, цифрлық технологиялар бізді барлық жерде қоршап тұр: олар әрбір үйде, мектептерде, ауруханаларда, университеттерде, әртүрлі мекемелер мен кәсіпорындардың құрамдас бөлігіне айналды және ғалымдардың пікірінше, олар жыл сайын бұдан да жылдам қарқынмен дамитын болады (Буданцев, 2020).

Цифрландыру — қоғамның әртүрлі салаларында: экономикада, мәдениетте, білімде және т.б. цифрлық технологияларды тарату және енгізудің кең таралған процесі (Захарова, 2010).

Цифрландыру — цифрлық құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, медиақұзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, техникалық құзыреттілік, тұтынушылық құзыреттілік және цифрлық сауаттылық сынды ұғымдарды бір деңгейде қарастырады.

Оның құрылымы сонымен қатар цифрлық тұтыну мен цифрлық қауіпсіздікті қамтиды. Білім мен технологияның өсу және жаңару қарқыны ұрпақ алмасу қарқынынан бірнеше есе жоғары болған жағдайда білім берудің ең өзекті және орталық мәселелерінің бірі — түпкі мақсатты анықтау мәселесі шиеленісе түседі.

Осы орайда, цифрландыру тек қоғамның дамуының айқын белгісі ғана емес, қазіргі білім беру кеңістігінің өзекті тенденциясы болып табылады. Сондықтан, білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне, білім, білік, дағдыларды меңгеруге жауапты болғандықтан, білім саласындағы цифрландырудың дамуына тоқталу аса маңызды.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуінің және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты — білім алушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық тұрғыдан тиімді болуына мүмкіндік беру болып отыр. Бұл мақсаттарға жету жолында түрлі ақпараттық технологиялар мен компьютер қызмет етеді. Қазіргі таңда, жаңа заман талабына сай, білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында цифрлық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Осы мақсат, зерттеудің негізі ретінде алынып, білім беру саласында цифрлық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын ұсынудың қозғаушы күші болып отыр.

Білім беруді цифрландыру білім мазмұнын цифрландырумен шектелмеуі керек. Білім беру ұйымдарына олар үшін айтарлықтай жаңа рөл жүктелді — өскелең ұрпақты цифрлық әлеуметтендіру, ол тұлғаны қоғамның әлеуметтік цифрлық экожүйесіне интеграциялау, оқушылардың цифрлық сауаттылығын, цифрлық мәдениетін және цифрлық дағдыларын дамыту процесін қамтиды.

Бастапқы цифрлық дағдыларды қалыптастыру ерте мектеп жасынан басталуы керек, өсу барысында олар цифрлық сауаттылыққа, кейін цифрлық мәдениетке ауысады. Әрине, бұл процесс жүйелі болуы және әлеуметтік-мәдени және білім беру мекемелерінде (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру) жүзеге асырылуы керек.

Бүгінде, білім беру және басқа да түрлі ақпараттарды цифрландыру (digitalization) арқылы түрлі цифрлық кешендерге көшіру ХХІ-ші ғасыр мұғалімдерінің тарапынан педагогикалық дағдылар мен құзыреттерді өзгерту қажеттілігін туындатады.

Педагогикалық цифрлық құзіреттілік қарым-қатынастарды, дағдыларды, сондай-ақ технологияларды, оқыту теориясын, пәнді, контекст пен оқытуды, сондай-ақ олардың арасындағы қарым-қатынасты дәйекті түрде

қолдану қабілеттерінің даму деңгейімен түсіндіріледі. Бұл құзіреттіліктер мұғалімнің тәжірибесі артқан сайын дамып отырады. Ал өз кезегінде, қоғамға цифрлық құзыреттілікті өзі меңгеріп қана қоймай, оны өскелең ұрпақ бойына қалыптастыра алатын білікті педагогикалық кадрларды қажет етеді. Ол педагогикалық тәжірибеде биология пәнінің мұғалімінің цифрлық құзіреттілігінің деңгейін бағалау мәселесіне әкеліп соғады (Рекомендации ЮНЕСКО, 2021).

#### **Материалдар мен әдістемелер**

Зерттеу жұмысына дереккөздер базасын іздестіру зерттеу жұмысы барысының негізі болып табылады. Осы орайда, зерттеу жұмысының зерттеу әдістері ретінде теориялық дереккөздерді талдау, материалдарды жүйелеу, талдау және жалпылау жұмыстары жүргізілді. Ал, зерттеу материалы болашақ педагогтарды кәсіби даярлау саласындағы педагог-психологтардың идеялары, білім беру саласындағы отандық технология көшбасшыларының ұстанымдары болып табылады. Сол себепті, зерттеу материалдары ретінде зерттеу тақырыбына сай алыс-жақын шетелдік ғалымдардың тәжірибелерінің нәтижелері, диссертациялық зерттеулері, авторлардың ғылыми мақалалары қолданылды. Ғалымдардың идеяларын ақпараттық технологиялар саласындағы заманауи тенденциялармен және құқықтық құжаттармен салыстыру, біріншіден, мектептегі білім беруді цифрлық түрлендірудің бағдарларын, екіншіден, педагогикалық қызметтің перспективті цифрлық құралдарын, үшіншіден, болашақ биология пәнінің мұғалімдерін кәсіби оқыту процесінде цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған технологияларды анықтауға мүмкіндік берді.

#### **Талдау нәтижелері мен талқылау**

Қазіргі таңда, білім беру ұйымдары ұсынатын білім жыл өткен сайын цифрлық сипатқа ие болуда. Бұл жоғарғы оқу орындарының мұғалімдерінің алдында студенттерге жоғары сапалы білім беру және білім беру қызметтерінің тез өзгеретін талаптарға өзіндік бейімделуі сияқты жаңа мәселелермен бетпе-бет келуіне әкеледі. Ал цифрлық технологияларды меңгеру, өз кезегінде мұғалімдердің цифрлық құзіреттілігінің дамуына өз септігін тигізеді. Сол себепті, соңғы жылдары байқап отырғанымыздай жаңа технологиялардың қарқынды даму қарқыны, қоғамның белсенді ақпараттандыруы мен цифрлануы болашақ маманға оның заманауи еңбек нарығына сәйкестігі, үздіксіз білім алуы және өзін-өзі тәрбиелеуі тұрғысынан жаңа талаптар қояды (Ржавина, 2021). Түлектердің цифрлық экономикада жұмыс істеуге цифрлық құзыреттілігі ерекше маңызға ие.

Айта кету керек, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы соңғы жылдары үлкен танымалдыққа ие болды және қазірдің өзінде оның әртүрлі аспектілерін бір немесе басқа бағытта ашып көрсететін көптеген зерттеулер бар. Бірақ әдеттегідей, өкінішке орай, әртүрлі анықтамалардың көптігі ұғым мағынасының бұрмалануына және оның маңызды мағыналық сипаттамаларының бірыңғай белгіленімінің болмауына әкеледі. Ол ғалымдардың зерттеулерінде ғана емес, әртүрлі елдердің бағдарламалық құжаттарында да ерекше түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта цифрлық құзыреттілік саласына маңызды үлесті «цифрлық құзыреттіліктің теориялық моделін құруда эмпирикалық тестілеу арқылы талдау» жұмыстарымен айналысатын Р.Дж. Крумсвик қосты. Р.Дж. Крумсвиктің ұсынып отырған тұжырымдамасы — цифрлық құзіреттілік дағдысының білім беру жүйесінің негізі ретінде қалыптастыру (Recommendation of the European Parliament and of the Council Official of the key lifelong learning competences, 2006). Ол «цифрлық сауаттылық» термині халықаралық деңгейде кеңінен қолданылғанымен, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы кеңірек және тұтас мағынаға ие деп есептейді (Krumsvik, 2011). Сондай-ақ, Р.Дж. Крумсвик, цифрлық құзыреттілік — бұл мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық (дидактикалық) түсінумен және оның оқыту стратегиялары мен студенттердің цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғынумен ұштастыра пайдалану қабілеті деп есептейді.

Кейбір ғалымдар «цифрлық құзыреттілік» термині бұрын кең тараған «ақпараттық сауаттылық» және «медиа сауаттылық» ұғымдарын алмастырды деп есептейді (O.McGarr, 2019). Бұл ұғымдар әртүрлі семантикалық мағынаға ие және бір-бірін алмастыра алмайтындықтан, мұнымен келісу қиын. Цифрлық құзыреттілік ең алдымен цифрлық құралдармен тиімді өзара әрекеттесуге бағытталған, ал ақпараттық сауаттылық түсінігі ақпаратпен әртүрлі операцияларды орындау қабілетінің айналасында құрылады, ал медиа сауаттылықтың өзегі БАҚ және медиаконтентпен жұмыс істей білу болып табылады (Koltay, 2011).

Арнайы әдебиеттерді талдау нәтижелері ғылымда бүгінгі таңда «цифрлық құзіреттілік» терминінің жалпы қабылданған және бір мәнді мағыналы түсіндірмесі жоқ екенін көрсетеді. Осы орайда, цифрлық құзыреттілік ұғымының кейбір маңызды және семантикалық сипаттамаларын кесте түрінде көрсетейік (кесте 1).

Кесте 1. Цифрлық құзіреттілік ұғымының семантикалық сипаттамаларының контент талдауы

| Зерттеуші ғалымдар              | Цифрлық құзіреттілік (digital competence) –  |
|---------------------------------|--|
| 1                               | 2  |
| Г.У. Солдатова, Е.И. Рассказова | әртүрлі АКТ үлгілерінде ұсынылған жалпы пайдаланушы және кәсіби білімдер мен дағдылардың жиынтығы ғана емес – құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, сонымен қатар жауапкершілік сезіміне негізделген тиімді қызметке бағдар болып табылады (Soldatova, 2014).                                 |
| А.Е. Парамонова                 | цифрлық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады және цифрлық білімді, дағдыларды және оларды білім беру процесінде сауатты қолдануды, сонымен қатар технологиялық және цифрлық сын-қатерлерге және цифрлық құзыреттерді дамытудың үздіксіз процесіне дайындықты қамтиды (Парамонова, 2021). |
| Н.П. Ячина, О.Г. Фернандез      | логикалық ойлауға, ақпаратты басқарудың жоғары деңгейі мен цифрлық технологияны жоғары деңгейде меңгеруге негізделген (Ячина, 2018).   |
| Ж.С. Соболева                   | цифрлық сауаттылықтың барлық құрылымдық құрамдас бөліктерімен цифрлық құзыреттілік тұжырымдамасын бере отырып, цифрлық сауаттылық пен цифрлық құзыреттілікті тұтастай қарастырады (Соболева, 2019).  |



|   |   |
|---|---|
| Y. Punie,<br>M. Cabrera,<br>M. Bogdanowicz,<br>D. Zinnbauer,<br>E. Navajas                                      | жұмыс, демалыс және қарым-қатынас үшін ақпараттық қоғам технологияларын сенімді және сыни тұрғыдан пайдалану (Punie, 2006).   |
| R.A. Krumsvik   | мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте пайдалана білуі, жақсы педагогикалық (дидактикалық) түсінігімен және оның оқу стратегиялары мен студенттердің цифрлық базасы үшін маңыздылығын сезінуімен үйлесімді болуы (Krumsvik, 2011).   |
| И.В. Гайдамашко,<br>Ю.В. Чепурная   | жеке тұлғаның өмірдің барлық салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сыни, сенімді, қауіпсіз және тиімді қолдану және таңдау қабілеті, сондай-ақ оның осындай әрекеттерге дайындығы (Гайдамашко, 2015).  |
| E. E. G a l l a r d o -<br>Echenique,<br>C.D. Valls,<br>J.M. Oliveira,<br>L. Marqués-Molias,<br>F.M. Esteve-Mon | ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) техникалық пайдалануда, ХХІ ғасырдағы білім немесе дағдыларды қолдануда көрініс табады (Gallardo-Echenique, 2015).   |
| R.A. Baryshev,<br>E.N. Kasyanchuk,<br>I.A. Tsvetochkina,<br>O.I. Babina   | студенттің өзін-өзі дамыту және үздіксіз инновациялық даму мақсатында цифрлық кеңістікте (жоғары мобильді смарт құрылғылар, смарт технологиялар, желілік кәсіби қауымдастықтар) жоғары деңгейде қарым-қатынас жасау қабілеті (Baryshev, 2021).  |
| A. Cattaneo,<br>C. Antonietti,<br>M. Rauseo   | өмір бойы білім алудың кілті, азаматтардың азаматтық, әлеуметтік және кәсіби өмірге толық қатысуы қажет негізгі құзыреттілік (Cattaneo, 2022).  |
| M.A. Горюнова,<br>М.Б. Лебедева,<br>В.П. Топоровский  | оқу үдерісінде цифрлық ресурстарды пайдалануға, компьютерлерді, мобильді құрылғыларды және бұлтты технологияларды пайдалануға, сонымен қатар оқу үдерісінде цифрлық білім беру ортасының және оның барлық құрамдас бөліктерінің мүмкіндіктерін құру және тиімді пайдалануға дайындығы мен қабілеті (Горюнова, 2019).                |
| J. Kullaslahti,<br>S. Ruhalahti,<br>S. Brauer   | кәсіби немесе мазмұндық, педагогикалық және технологиялық тәжірибенің жиынтығы (Kullaslahti, 2019).   |
| D.A. Mezentceva,<br>E.S. Dzhav lakh,<br>O.V. Eliseeva,<br>A.Sh. Bagautdinova                                    | мұғалімге белгілі бір білім беру контекстінде цифрлық құралдарды және соған байланысты оқыту әдістері мен стратегияларын пайдалануға қатысты саналы және дұрыс таңдау жасауға мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен ұстанымдар жиынтығы және нәтижесінде оқу жақсарды, оқушы мен мұғалім қанағаттанатын процесс (Mezentceva, 2020). |
| E. Insteffjord,<br>E. Munthe  | тұлғаның қатты дағдылар мен жұмсақ дағдылар құрамдастарының үйлесімі, яғни білім беру мақсаттары үшін технологияны біріктіру және пайдалану, сондай-ақ жеке және кәсіби жағдайларға сәйкес келетін жалпы дағдыларға ие болу қабілеті (Insteffjord, 2016).   |

Цифрлық құзіреттіліктің жоғарыда келтірілген анықтамаларынан бұл ұғымның негізгі сипаттамалары мыналар болып табылады:

- 1) инфокоммуникациялық технологиялар саласындағы білім мен дағды;
- 2) ақпарат саласындағы білім мен дағдыларды қолдануға дайын болу коммуникациялық технологиялар;

3) инфокоммуникациялық технологиялар саласындағы білім мен дағдыларды тиімді, қауіпсіз, сыни және жауапты қолдану.

Сонымен, цифрлық құзыреттілік — субъектінің оған белгілі мотивациялық-эмоционалдық қатынасы бар цифрлық сауаттылығы деп есептесек болады.

Осылайша, цифрлық құзыреттілік ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілеті ретінде, әлеуметтік құзыреттілік бөлігі және қарым-қатынас тәсілі ретінде қарастырылады. Цифрлық технологиялар әр адамның жеке және кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналды деп айтуға болады.

Зерттеушілердің (Е.А. Барахсанова, Ю.В. Воронина, Е. Зотова, Г.У. Солдатова, Е. Рассказова, М. Ресник, А. Мартин, Д. Мадиган) пікірлері бойынша цифрлық құзыреттілік дағдылары арқылы анықталады (білім дағдылары, мотивация және жауапкершілік) және ақпараттық қоғамның заманауи талаптарын ескере отырып, өмір мен кәсіби қызметтің барлық салаларында ақпараттық технологияларды тиімді қолдану болып табылады (Хуторской, 2011). Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде «цифрлық құзыреттілік» құбылысының интегративті сипаты ерекше атап өтілген. Осы орайда, біз ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, педагогика саласында болашақ педагог мамандардың цифрлық құзыреттілігін дамытудың мынандай құрамдас бөліктерін қарастырады:

мотивациялық компонент (мотивация, қызығушылық, цифрлық құралдарды пайдалану қажеттілігі және ақпараттық технологиялар саласында өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, кедергілерді анықтау қабілеті);

когнитивтік компонент (ақпараттық технологияларды қолданудың теориялық негіздерін білу және оқу үдерісін цифрландыру);

операциялық компонент (педагогикалық іс-әрекеттің цифрлық құралдары туралы білімді қолдана білу, ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде оқу процесін жобалау қабілеті).

Педагогтардың АКТ-ның негізгі дағдыларына қол жеткізуі үшін қолданылатын технология ашық болуы керек. Педагогтың білім беру барысында өзінің оқу стратегиясында АКТ құралдарын пайдаланып оқыту секілді педагогикалық әдістерді пайдалану деңгейіне аса назар аударған маңызды. Сондай-ақ, технологияның адам дамуындағы рөлі және ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті туралы этикалық сұрақтарды ескере отырып, цифрландырудың қоғамға әсеріне назар аудару керек.

Бұл цифрлық құзыреттілікті дамыту екі бағытты, бір жағынан практикалық білім мен екінші жағынан өзіндік рефлексияны зерттеу барысында жүзеге асады. Бұл ретте, әдетте, төрт кезеңнен өтеді: меңгеру, бейімделу, түсіну және жаңашылдық. Алғашқы екі кезең қазіргі уақытта қолданылатын технологияларға және АКТ қолдайтын оқыту мен дамытуға бағытталған.

Педагогтар түсіну кезеңіне жеткенде, технология оның оқыту тәжірибесіне кірігіп және соңғы кезеңге жеткен соң, білім берудегі инновацияларды құру және енгізу мүмкіндіктері АКТ-ны пайдалана отырып, педагогикалық және дидактикалық жаңалықтарды дамыта алатын болады.

Сонымен, педагогикалық цифрлық құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы кәсіби контексте, ең алдымен веб-курста/онлайн оқытуда цифрлық технологияның көмегімен педагогикалық жұмысты дамыту/жетілдіру қабілеті болып табылады. Дегенмен кең мағынада педагогикалық цифрлық құзыреттілік цифрлық технологиялар қолданылатын кәсіби контексттегі педагогикалық жұмыстың барлық түрлерін қамтиды.

Цифрлық мектепті қалыптастыру жағдайында мектеп пен қосымша білім беруді трансформациялау болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінің жаңаруын ынталандырады. Өртүрлі пәндік салаларды оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың жалпы және арнайы шарттарын бөліп қарастыруға болады. Цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың жалпы шарттарына болашақ мұғалімдердің кәсіптік оқытудың жалпы педагогикалық бағытын жүзеге асыруда цифрлық технологияларды пайдалануға дайындығын қалыптастыру, ал ерекше жағдайларға болашақ мұғалімдерді цифрлық технологияларды пайдалануға мақсатты түрде педагогикалық іс-әрекеттің бағыты мен пәннің ерекшелігін ескере отырып дайындау жатады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындық процесінде цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің жүйелілігі мен тұтастығы мыналармен анықталады:

- кәсіптік оқыту пәндерін оқу процесінде білім беруді цифрлық түрлендіру идеясын өзектілендіру және студенттердің кәсіби қызметінде цифрлық педагогикалық құралдарды қолданудағы ынтасын және жауапкершілігін қалыптастыру;

- кәсіптік оқыту мазмұнын кәсіби қызметте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану әдістерімен мақсатты түрде толтыру және білім беру ұйымында «мүмкіндіктер ортасы» позициясынан цифрлық білім беру ортасын құру;

- білім беруді цифрландыру саласындағы әдістемелік, теориялық, әдістемелік және практикалық білімдерді меңгеру процесіне студенттерді қосу және кәсіби қызмет мәселелерін шешуде цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі биология пәнінің мұғалімі, үнемі табиғи және химиялық процестер мен құбылыстар туралы, олардың күнделікті адам өміріндегі рөлі туралы, жаңа тірі организмдер мен химиялық заттар туралы ақпараттың көбеюімен бетпе-бет келеді. Соңғы жаңалықтардан, мысалы, адам геномын зерттеу саласында немесе фуллерены пайдалану және т.б. Ақпарат артқан сайын, ақпаратты беру формаларының саны да артып келеді: мұғалімге ғылыми мақалалардың мәтіндерін, цифрлық фотосуреттер мен бейнематериалдарды таңдай отырып, электронды кітапханаларды немесе мәліметтер қорын көбірек қолдануға тура келеді. Әрі қарай таңдалған ақпарат жүйеленіп, студенттерге сақтауға және ұсынуға ыңғайлы пішінге өңделуі керек. Бірақ дайын ақпаратпен жұмыс істеумен қатар, әрбір нағыз мұғалім озық ақпараттық технологиялардың көмегімен өз тәжірибесінде жаңа, тың түрде ақпаратты ұсынуға дайын болуы керек. Бұл үшін мүмкіндіктер мол: пән мұғалімдерінің желілік бірлестіктерінің

жұмысына, интернет-конференцияларға, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында қашықтықтан оқытуға қатысу; жалпы мақсаттағы бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде студенттердің білімін рейтингтік бағалаудың компьютерлік тестілері мен жүйелерін әзірлеу; мультимедиялық презентацияларды әзірлеу және қолдану; өз веб-сайтыңызды, веб-парақшаңызды, web-портфолиоңызды құру; пән бойынша қашықтықтан оқыту модульдерін әзірлеу және енгізу және т.б.

Жоғарыда аталған фактілердің барлығы жоғары оқу орындарындағы болашақ пән мұғалімдерінің кәсіби дайындығына және қазірдің өзінде жұмыс істеп жүрген мұғалімдердің ақпаратпен жұмыс істеудің және ақпараттық процедураларды орындаудың инновациялық әдістері саласында саналы кәсіби дамуына қосымша талаптар қоятыны сөзсіз (Белохвостов, 2012).

Соған сәйкес, педагог тұлғасының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын биология пәні мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігінің құрылымына жасалған талдау жұмысының барысында анықталған дағдылар:

1. Педагогқа танымдық әрекеттерді жүзеге асыруға ықпал ететін технологиялық құрамдас бөліктер: әртүрлі ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты анықтау, іздеу, түсіндіру, құрылымдау және жүйелеу, сақтау және беру;

2. Жалпы кәсіптік құрамдас бөліктер ақпараттық технологияның көмегімен және барлық дидактикалық принциптерді сақтай отырып, ақпараттық ағындарды ДҚ және компьютерді пайдалана отырып, жалпы білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған ақпараттық қызметтің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру, кері байланыс алу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби біліктілігін арттыру;

3. Жеке-әдістемелік немесе арнайы құрамдас бөліктерге негізгі және бейіндік білім беру жағдайында түрлі оқу курстарын жаңарту, жалпы білім беретін мектепте биология пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға байланысты дағдылар, пәндер бойынша сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру жатады. Сонымен қатар, жаратылыстану-ғылыми блогындағы барлық пәндерге, шығармашылық оқу жобаларын және оқу үдерісінде сыныптан тыс жұмыстарды әзірлеу және енгізу, биология пәні мұғалімі қызметінің құқықтық жағы туралы мәліметтерді жүйелеу, зертханалық және салалық деректерін жинап зерттеу және т.б.

Білім берудің цифрлық трансформациясы білім беру үдерісіне әрбір қатысушыдан жоғары деңгейдегі цифрлық құзыреттілікті талап етеді. Сондықтан соңғы жылдары жоғары оқу орындарында жұмыстың осы саласына ерекше көңіл бөлінуде. Негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы белгілі өзгерістерге ұшырауда (цифрлық экономика сұранысына сәйкес оқу бағдарламалары қайта қаралуда, «Мұғалімнің цифрлық құзыреттіліктері», «Оқу үдерісіндегі цифрлық технологиялар», «Оқушылардың педагогикалық дизайны» жаңа пәндер енгізілуде. цифрлық қызметтер, құралдар және онлайн курстар» және т.б.

Цифрлық білім беру жүйесін құрусыз және тиімді жұмыс істеусіз цифрлық құзиреттілікті дамыту мүмкін емес. Бүгінде, «Цифрлық білім беру ортасын» құруды іске асыру жүзеге асырылып жатқандықтан, білім беру жүйесінде цифрлық білім беру жүйесінің мақсатты моделі әзірленіп, білім беру мазмұны жаңартылуда.

Мұғалімнің негізгі оқу іс-әрекетімен байланысты жаңа білім беру ортасына көшуімен оқыту технологиялары да өзгереді, атап айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану биология пәнінің білім беру жүйесін кеңейту үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады. Қазіргі уақытта білім беру үдерісін цифрлық білім беру ортасынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Цифрлық білім беру жүйесін жүзеге асыру барысында болашақ биология мұғалімінде цифрлық сауаттылық пен цифрлық құзиреттілік қалыптасады. Студенттер университеттің цифрлық білім беру ортасының белсенді дизайнері және менеджері ретінде әрекет етеді, жеке білім беру бағыттарын әзірлеу дағдыларына ие болады, бұл оқуға мотивацияны арттырады.

«COVID-19» байланысты, елімізде карантиндік шараларға байланысты туындаған жағдай білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесуді қиындатты. Сондықтан қашықтықтан өзара әрекеттесу арқылы білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың жаңа түрлерін іздестіру және құру қажет болды. Мұғалімдермен жұмыстағы мазмұндық бағыттардың негізгі мақсаттарының бірі студенттермен заманауи қашықтықтан өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің алуантүрлілігін және палитрасын көрсету болды.

Қашықтықтан оқыту барысында, Zoom және Skype жүйелерінде аудио және бейне конференциялар құрылып, көбірек қолданыла бастады. Көбісі бұл процесті оқу үшін қолайлы деп санайды, өйткені ол сыныпта жайлы атмосфера жасайды. Осылайша, білім беру қызметі саласындағы кейбір ғалымдар онлайн қашықтықтан оқытудың бірден-бір кемшілігі (Skype және Zoom арқылы) студенттер мен мұғалім арасында тиісті жеке байланыстың болмауы деген қорытындыға келді. Олардың ойынша, мұғалімнің жақыннан табылуы оқу процесіне оң әсер етеді. Цифрлық білім беру ортасы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жарактандырылуынан, жоғары сапалы білім беру мазмұны бар қызметтерден, электронды әртаратандырылған деректер қорынан, әртүрлі электрондық оқыту жүйелерінен (Moodle, ATutor, Eliademy, ILLIAS және т.б.) және т.б. тұрады, олар онлайн оқытуды, соның ішінде көптеген ашық онлайн курстарды енгізу үшін қажет. (Т.Г.Везиров, 2021).

Қажетті нәтижеге жету үшін заманауи технологиялар мен ең жақсы онлайн оқыту курстарын пайдалану керек. Онлайн курстар мен бейне сабақтардан басқа, цифрлық білім беру ортасы әртүрлі әкімшілік қызметтерді қамтиды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда MOOC (Massive open online course) сияқты цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы берілетін білім әлемнің көптеген елдерінде кеңінен талқылануда. Осылайша, Швецияның көптеген оқу орындары мұндай курстарды енгізді және оқытудың басым бөлігі онлайн

режимінде жүзеге асырылады, ал онлайн курстардағы студенттердің саны үнемі өсіп келеді (Söderström, 2012). Студенттік топтар арасында айырмашылықтар бар, мысалы, бүкіл бағдарламаға онлайн жазылудың орнына студенттер белгілі бір құзыретті тереңірек дамыту немесе ағымдағы жұмысын сақтай отырып, қосымша кәсіби білім алу мақсатында тәуелсіз курстарды таңдай алады.

Akerson V.L., Buck G.A. (2023). US Next Generation Science Standards: Possibilities, Not Prescriptions for STEM Teacher Education //Reforming Science Teacher Education Programs in the

STEM Era: International and Comparative Perspectives. – Cham: Springer International Publishing, 2023. – Pp. 251–263. (in Eng).

Barbu M.C. et al. (2023). Assessment of Physical and Mechanical Properties Considering the Stem Height and Cross-Section of *Paulownia tomentosa* (Thunb.) Steud. x *elongata* (SY Hu) Wood // *Forests*. – 2023. – T. 14. – №. 3. – p. 589. (in Eng).

Eriksson L.V. et al. (2023). Symptom burden and recovery in the first year after allogeneic hematopoietic stem cell transplantation // *Cancer Nursing*. – 2023. – T. 46. – №. 1. – Pp. 77–85. (in Eng).

Hennessy Elliott C. et al. (2023). Toward a debugging pedagogy: helping students learn to get unstuck with physical computing systems // *Information and Learning Sciences*. – 2023. – T. 124. – №. 1/2. – Pp. 1–24. (in Eng).

Kong Y. et al. (2021). Regulation of stem cell fate using nanostructure-mediated physical signals // *Chemical Society Reviews*. – 2021. – T. 50. – №. 22. – Pp. 1282–1287. (in Eng).

Love T.S. et al. (2023). Examining science and technology/engineering educators' views of teaching biomedical concepts through physical computing // *Journal of Science Education and Technology*. – 2023. – T. 32. – №. 1. – Pp. 96–110. (in Eng).

Mishra A. et al. (2021). Objective and subjective physical function in allogeneic hematopoietic stem cell transplant recipients // *Bone marrow transplantation*. – 2021. – T. 56. – №. 12. – Pp. 289–290. (in Eng).

Shen C.C. et al. (2021). Physical gold nanoparticle-decorated polyethylene glycol-hydroxyapatite composites guide osteogenesis and angiogenesis of mesenchymal stem cells // *Biomedicines*. – 2021. – T. 9. – №. 11. – p. 1632. (in Eng).

Wade-Jaimes K., Ayers K., Pennella R.A. (2023). Identity across the STEM ecosystem: Perspectives of youth, informal educators, and classroom teachers // *Journal of Research in Science Teaching*. – 2023. – T. 60. – №. 4. – Pp. 885–914. (in Eng).

Yang R. et al. (2023). Engineering the dynamics of biophysical cues in supramolecular hydrogels to facile control stem cell chondrogenesis for cartilage regeneration // *Composites Part B: Engineering*. – 2023. – T. 250. – p. 1101. (in Eng).

Zhang P. et al. (2023). The relationships between maize (*Zea mays* L.) lodging resistance and yield formation depend on dry matter allocation to ear and stem // *The Crop Journal*. – 2023. – T. 11. – №. 1. – Pp. 258–268. (in Eng).

Zhao C., Lin K., Wang X. (2020). Maintenance and modulation of stem cells stemness based on biomaterial designing via chemical and physical signals // *Applied Materials Today*. – 2020. – T. 19. – p. 614. (in Eng).

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 4. Number 404 (2023), 131-142  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.540>

FTAP14.09.09

© **S.ZH. Ibadullayeva\***, **G.M. Baykhozhaeva**, **S.K. Tazhenova**,  
**A.ZH. Berdenkulova**, **P.ZH. Nagashybayeva**, 2023  
Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.  
E-mail: salt\_i@mail.ru

### WAYS OF FORMATION OF KNOWLEDGE ABOUT BIODIVERSITY IN THE PREPARATION OF A TEACHER-BIOLOGIST

**S.Zh. Ibadullayeva** — doctor of Biological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: salt\_i@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3270-8364>;

**G.M. Bayhojaeva** — master of Natural Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: Gulzhaukhar.mazhitkyzy@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5525-0662>;

**S.K. Tazhenova** — master of geography, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: sandugash\_77.09@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1346-0543>;

**A.Zh. Berdenkulova** — Candidate of Biological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: alma7707@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7207-7838>;

**P.Zh. Nagashybayeva** — master of pedagogical sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan,

E-mail: feruza.zhumazhan@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1343-2534>.

**Abstract.** Knowledge and skills of students on the subject are formed at the expense of special competencies; assimilate didactic methods in the process of methodological competence; to acquire a culture of communication on the basis of psychological and pedagogical competence and to increase interest in the profession; differential-psychological competence helps to show and direct the peculiarities of the personality of students; and autopsychological competence as a result of self-education. Follows the types of organization of educational activity in subject-language training: frontal, group, pair and individual work. The individual form of work teaches the language and thematic preparation of students for the subject. In this task, it is possible to differentiate by two criteria: the level of knowledge of the subject and the level of knowledge of the English language. In order to develop the ability to use a bilingual language in biology, as well as to take into account the interests and needs of students, it is recommended to conduct different types of work using the resources of the leading domestic and foreign parents. The introduction of subject-language integration in the educational process is multifaceted and its application

requires the creativity of teachers, constant thinking of all activities, conducted in the lesson, as well as the improvement of methods of work in the educational process. Therefore, basic knowledge in the field of teaching and learning, teachers need to work on obtaining additional information from various domestic and foreign sources. This allows them to make more reasonable conclusions about what is going on in this or that sphere and what strategies should be adopted. During the formative experiment CLIL was considered as a means of training to determine the didactic effect of the subject-language integrated learning technology on the students, and at all stages of the experiment the guidelines were guided. The results achieved in the course of training using the technology of subject-language integrated training image-CLIL, confirmed by examples on the topic.

**Keywords:** education, professional competence, CLIL technology, multilingual education, biology

© С.Ж. Ибадуллаева\*, Г.М. Байхожаева, С.К. Таженова,  
А.Ж. Берденкулова, П.Ж. Нағашыбаева, 2023

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: salt\_i@mail.ru

## **БИОЛОГ МҰҒАЛІМДІ ДАЯРЛАУДА БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**С.Ж. Ибадуллаева** — биология ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: salt\_i@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3270-8364>;

**Г.М. Байхожаева** — жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: [Gulzhaukhar.mazhitkyzy@mail.ru](mailto:Gulzhaukhar.mazhitkyzy@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5525-0662>;

**С.К. Таженова** — география магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: [sandugash\\_77.09@mail.ru](mailto:sandugash_77.09@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1346-0543>;

**А.Ж. Берденкулова** — биология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: [alma7707@mail.ru](mailto:alma7707@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7207-7838>;

**П.Ж. Нағашыбаева** — педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан,

E-mail: [feruza.zhumazhan@bk.ru](mailto:feruza.zhumazhan@bk.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1343-2534>.

**Аннотация.** Бұл мақалада қазіргі кездегі экологиялық білім білім беру жүйесін дамыту туралы мәліметтер берілген. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, биоалуантүрлілік сақталуы мәселесі педагогикалық төңіректен қарастырылуы жайында ақпарат ұсынылған және бұл мәселелерді шешуде ғылыми көзқарас тұрғысынан мәліметтер берілген. Экологиялық білім беру мазмұнын қалыптастырудың ішкі мазмұны мұғалімдерді кәсіби даярлау мақсаттарына сәйкес оның ерекшелігін анықтайтын педагогика ғылымы мен психология болып табылады. Экологиялық білім берудің мазмұны экология

және онымен байланысты ғылымдардың мазмұнынан ерекшеленеді, өйткені ол оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін, жеке тұлғаның дамуы мен мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметіне қойылатын талаптарды міндетті және қатаң ескере отырып оқытудың дидактикалық шарттары мен принциптері негізінде құрылады. Биология мұғалімін даярлау жүйесінде ғылыми сипат принципі тек экология ғылымына ғана емес, сонымен қатар биология, химия, физика, география және т.б. ғылыми пәндерге сүйенуді білдіреді. Ғылыми принциптің маңыздылығы мен жаңа мазмұны экологиялық-педагогикалық білім беру мазмұнындағы теориялық функцияны күшейтуде көрінеді. Биология мұғалімін дайындауда теориялық экологиялық білімнің үлесі артып, олардың математикаландыру дәрежесі жоғарылайды. Эколого-педагогикалық білім берудің оқу-ағарту міндеттерін жүйелі түрде реттеу және шешу қазіргі заманғы әлеуметтік, экологиялық, әлеуметті-педагогикалық және әдістемелік жағдайлардың өзекті талабы болып табылады. Экологиялық білім берудің мазмұнын таңдау кезіндегі ғылыми сипат принципі экологияның ғылым ретінде дамудың тарихи аспектілері мен табиғат пен адамзат арасындағы қатынастардың қалыптасу тарихының мазмұнында көрініс табуды болжайды; табиғи экожүйелерді басқару және дамыту тәсілдеріне байланысты әлеуметтік тәжірибені дамыту; мазмұнына әдістемелік білімді қосуды қажет етеді: экологиялық зерттеу әдістері туралы, сипаттау мен бақылаулар туралы, материалдарды жинау әдістері туралы, далалық және зертханалық тәжірибелер туралы, нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері туралы, экологиялық зерттеулердегі математикалық модельдеу туралы және т.б. Сонымен қатар, биология мамандығы студенттеріне биоалуантүрлілік туралы білімді қалыптастыру мәселесінің қазіргі жағдайы туралы зерттеу нәтижелері ұсынған.

**Түйін сөздер:** биоалуантүрлілік, биология, экологиялық білім, зерттеу, сақтау

© С.Ж. Ибадуллаева\*, Г.М. Байхожаева, С.К. Таженова,  
А.Ж. Берденкулова, П.Ж. Нагашыбаева, 2023

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

E-mail: salt\_i@mail.ru

## ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЗНАНИЙ О БИОРАЗНООБРАЗИИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЯ-БИОЛОГА

**С.Ж. Ибадуллаева** — доктор биологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: salt\_i@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3270-8364>;

**Г.М. Байхожаева** — магистр естественных наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: [Gulzhaukhar.mazhitkyzy@mail.ru](mailto:Gulzhaukhar.mazhitkyzy@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5525-0662>;

**С.К. Таженова** — магистр географии, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: sandugash\_77.09@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1346-0543>;

**А.Ж. Берденкулова** — кандидат биологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: alma7707@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7207-7838>;

**П.Ж. Нагашыбаева** — магистр педагогических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан,

E-mail: feruza.zhumazhan@bk.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1343-2534>.

**Аннотация.** В данной статье представлены данные о развитии системы экологического образования в настоящее время. Представлена информация о том, что проблема нарушения экологического баланса, сохранения биоразнообразия рассматривается с педагогической точки зрения, и представлены данные с научной точки зрения при решении этих проблем. Внутренним содержанием формирования содержания экологического образования являются педагогическая наука и психология, определяющие его специфику в соответствии с целями профессиональной подготовки учителей. Содержание экологического образования отличается от содержания экологии и связанных с ней наук тем, что строится на основе дидактических условий и принципов обучения с обязательным и строгим учетом образовательных, воспитательных и развивающих задач обучения, требований к развитию личности и профессионально-педагогической деятельности учителя. В системе подготовки учителя биологии принцип научного характера подразумевает опору не только на науку об экологии, но и на научные дисциплины: биологию, химию, физику, географию и др. Значимость и новое содержание научного принципа выражается в усилении теоретической функции в содержании эколого-педагогического образования. Увеличивается доля теоретических экологических знаний в подготовке учителя биологии, повышается степень их математизации. Системное регулирование и решение учебно-просветительских задач Эколого-педагогического образования является актуальным требованием современных социальных, экологических, социально-педагогических и методических условий. Принцип научного характера при выборе содержания экологического образования предполагает отражение в содержании исторических аспектов развития экологии как науки и истории становления отношений между природой и человечеством; развитие социального опыта в связи с подходами к управлению и развитию природных экосистем; требует включения в содержание методических знаний: о методах экологических исследований, о характеристиках и наблюдениях, о методах сбора материалов, о полевых и лабораторных экспериментах, о методах статистической обработки результатов, о математическом моделировании в экологических исследованиях и др. Кроме того, студентам специальности биология были представлены результаты исследований о современном состоянии проблемы формирования знаний о биоразнообразии.

**Ключевые слова:** биоразнообразие, биология, экологическое образование, исследования, сохранение

### **Кіріспе**

Қазіргі заманауи қоғамның әлеуметтік және экономикалық, саяси дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалуда. Экологиялық мәдениетті халық педагогикасының тәлімдері арқылы оқушылардың оң көзқарастарын қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының мүмкіндіктері баршылық. (Саттаров, 2011).

Үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті әрі дара тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі зор.

Экологиялық білім беру Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытудың басым бағытына айналды. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдардың ішінде Ә.С. Бейсенова, Ж.Ж. Жатқанбаев, Н.С. Сарыбеков, Қ. Аймағамбетова, Ә.С. Бірмағанбетов, Қ.Ж. Жүнісова, К.А. Сарманова, М.Н. Сарыбеков, Ж.Б. Шілдебаев және т.б. өз ғылыми еңбектерінде оқушылардың экологиялық білім-біліктері мен дағдыларын, танымдық көзқарастарын қалыптастыруға баса назар аударады. (Шілдебаев, 2016).

Экологиялық мәселелердің мәдени аспектілері Л.И. Василенко, С.Н. Глазачев, О.Н. Козлова, Е.С. Маркарян және басқалармен зерттелген. Болашақ биология мұғалімдерін даярлау процесіндегі биоалуантүрлілікті зерттеудің ғылыми және әдістемелік негіздері мәселесінің өзектілігі келесілермен анықталады: болашақ биология мұғалімдерінің экологиялық білімнің маңыздылығын түсінуімен; экологиялық білім беруді тұлғаны дамыту құралы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және студенттердің кәсіби қызметке дайындық құралы ретінде түсінуімен; мектеп оқушыларының экологиялық білім беру саласындағы биология мұғалімінің кәсіби қызметінің жетекші рөлін түсінуімен; жоғарғы оқу орындарында және мектепте экологиялық білім беру мақсаттарына жетуде биоалуантүрлілік туралы білімнің маңыздылығын түсінуімен.

Қазіргі кезде экологиялық білім білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты болып табылады. Ол экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуымен және педагогикалық мәселелерді шешумен байланысты заманауи мәселелерді шешуге ғылыми көзқарас тұрғысынан ерекше назар аударуды қажет етеді. Жоғары педагогикалық мектептегі экологиялық білім - бұл өзінің жан-жақтылығымен және көпөлшемділігімен сипатталатын, сонымен бірге тұтастығы және бірлігімен сипатталатын күрделі процесс. Педагогикалық жоғарғы оқу орнында биоалуантүрлілікті зерттеу мәселесін дамытуға арнайы үндеудің ерекше өзектілігі әлеуметтік-экономикалық, гносеологиялық және педагогикалық сипаттағы бірқатар алғышарттарға байланысты.

### **Әдістер мен материалдар**

Зерттеу мәселесі бойынша әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау мектеп оқушылары, жоғары оқу орны білім алушылары үшін биоалуантүрлілік туралы білімнің өзектілігі туралы, демек, биология мұғалімінің оларды игеру қажеттілігі туралы фактілерді ашуға мүмкіндік берді. Осылайша, мәселен, Т.В. Уткина, Е.А. Ламехова, Ю.Г. Ламеховалардың еңбектерінде тірі материяны ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерінде көрінетін биоалуантүрлілік туралы ғылыми көзқарастар жалпы білім беруші мектептерге арналған биология және экология курстарының мазмұнында көрініс табатындығын атап өтті (Уткин және т.б., 2018). Авторлар қазіргі заманғы адамзаттың құндылығы әртүрлі ауқымдағы — жергіліктен ғаламдыққа дейінгі экологиялық мәселелерді шешу таптырмайтын экологиялық білім деп санайды. Мектептегі биоалуантүрлілікті нәтижелі зерттеудің маңызды шарты мұғалімдердің экологиялық білімге ие болуынан басқа, мұғалімдердің қоршаған ортаның күйін зерттеу бойынша оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға қажетті біліктілік пен дағдыларға ие болуы.

Мектеп оқушыларына экологиялық білім беруді жүзеге асыратын мұғалімдердің дайындығын талқылай келе, Х.Д. Саттаров төмендегідей жазады: «Қазіргі мұғалімнің жеке тұлғалық моделі биосфераның ажырамас құрылымын, күйі мен дамуын, адамзат қоғамының өміріндегі табиғаттың жан-жақты құндылығы мен функционалды рөлін ашатын жалпыланған және жүйеленген білімнің реттелген жиынтығын қамтиды. Адамдардың әлеуметтік өмірінің заңдылықтары мен оның табиғи ортамен күрделі байланысы туралы белсенді және жеткілікті ауқымды білім мұғалімді мектеп оқушыларына экологиялық білім беруге кәсіби тұрғыдан сай етеді» (Ibadullayeva, 2022).

Қазақстан Республикасының мектептерінде экологиялық білім беру жүйесі бұрыннан жолға қойылған және басқа бірлестіктердің жұмысына оқушыларды тарту арқылы жастарға экологиялық білім беру жүйесі қалыптасқан.

Пайдалы өсімдіктердің биоалуантүрлілігі мәселесін ашуда аймақтық компоненттің қолданылуы мыналармен байланысты: Қазақстанның территориясы, табиғи жағдайлардың алуан түрлілігі, флораның алуан түрлілігі, бұзылмай сақталған экожүйелердің болуы.

Оңтүстік Қазақстан мысалын қолдана отырып, өсімдіктердің биоалуантүрлілігін зерттеу мәселесін қарастыра отырып, Д.К. Айдарбаева мен Г.А. Шолпанқұлова пайдалы өсімдіктердің биоалуантүрлілігі мәселесін ашуда аймақтық компоненттің қолданылуы Қазақстанның территориясымен, табиғи жағдайларының алуан түрлілігімен, өсімдіктер дүниесінің алуан түрлілігімен, сақталған бұзылмаған экожүйелердің болуымен байланысты екендігін атап отыр. Сонымен қатар, ғалымдар өз аймағының ерекшеліктерін білу өсімдік түрлерінің алуан түрлілігін, экожүйелердегі байланыстарды ескеруге, жалпы биологиялық ұғымдарды жаңа фактілермен, жергілікті мысалдармен нақтылауға, организмдер түрлерін және организмдер қауымдастығын сақтау тек табиғи экожүйелердің бөлігі ретінде мүмкін болатындығына оқушылардың сенімін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін атап көрсетеді (Суравегина, 1999; Тяптиргянов, 2002).



Көптеген танымал биологтардың, экологтардың және мұғалімдердің жұмыстары биоалуантүрлілікті зерттеуге арналған. «Жабайы табиғаттың құндылықтарын ұғыну табиғатты қорғау мотивациясын тудырады, яғни табиғатты және биологиялық алуантүрлілікті қорғауға деген ұмтылыс» Құндылық көзқарасы тұрғысынан биоалуантүрлілікті И.Т. Суравегина және басқалардың еңбектерінен түсінуге болады. Эстетикалық құндылық әр жеке түрдің, түрлер тобының, қауымдастықтардың, белгілі бір ландшафттың көркемдік мәнерлілігінен байқалады (Suhirman, 2022).

Бірақ, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы биоалуантүрлілікті зерттеуге арналған басылымдарға қарамастан, жоғарғы оқу орындарындағы биология пәнінің мұғалімдерін даярлауда биоалуантүрлілік туралы білімді қалыптастыру мәселесі толық шешілмеген.

### **Зерттеу әдістері**

Анықтау тәжірибесінің міндеттерін жүзеге асыру үшін біз келесі педагогикалық зерттеу әдістерін қолдандық: сауалнама; орта мектепте мұғалімдерімен, білім алушылармен және оқытушылар — педагогикалық жоғары оқу орындарының бұрынғы түлектерімен әңгімелесу. Сондай-ақ білім алушылардың жоғары оқу орындарындағы дайындықтары кезінде биоалуантүрлілік туралы қаншалықты білімге ие екендігін анықтауға мүмкіндік беретіндей білімдеріне тексеру жұмыстары өткізілді, бұл зерттеудің міндеттерін ескере отырып, сауалнамалар жасалды, әңгіме сұрақтары құрастырылды, білім алушыларға арналған тестілік және бақылау тапсырмалары жасалды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Біздің зерттеу жұмысымыз Қорқыт Ата Қызылорда мемлекеттік университетінде 2020–2021 жж. жүргізілді. Бақылау тобы ретінде «Биология» мамандығы білім алушылары алынды.

Студенттердің биоалуантүрлілік туралы білімді игеруін және осы білімді мәселелік жағдайларды шешуде қолдана білу қабілеттерін талдау, бақылау топтарының нәтижелері бойынша тесттер мен оқу тапсырмалар көмегімен жүргізілді. Биоалуантүрлілік туралы білім тексерілді, атап айтқанда: генетикалық, түрлік, экологиялық алуантүрлілік, биоалуантүрлілікті бағалау, биоалуантүрлілікті сақтау; Қазақстанның биоалуантүрлілігі және Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар; биологиялық алуантүрлілікті төмендету факторы ретінде қоршаған ортаның ластануы.

Білім алушыларды оқыту тиімділігінің көрсеткіштері кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Педагогикалық тәжірибенің қалыптасу кезеңіндегі білім алушылардың биоалуантүрлілік туралы білімді игеру нәтижелері

| Білім топтары  | Оқу үлгірім көрсеткіштері                     | Бақылау топ  | Тәжірибелік топ |
|--|---|--------------|-----------------|
| Биоалуантүрлілік<br>Генетикалық,<br>түрлік, экологиялық<br>алуантүрлілік                                 | Орта балл $\bar{a}$                           | 3,8          | 4,1             |
|  | Бағаларды үйлестіру                           |              |                 |
|  | 5   | 25,8         | 30,5            |
|  | 4   | 51,7         | 52,2            |
|  | 3   | 22,5         | 17,3            |
|  | 2   | 0            | 0               |
|  | Бағалар дисперсиясы D                         | 0,0457       | 0,032           |
|  | Бағалаудың орташа квадраттық ауытқуы $\sigma$ | 0,214        | 0,198           |
| Вариация коэффициенті $W_i$  | 0,0563 (5,6%)                                 | 0,0482(4,8%) |                 |
| Биоалуантүрлілікті бағалау<br>және сақтау  | Орта балл $\bar{a}$                           | 3,9          | 4,1             |
|  | Бағаларды үйлестіру:                          |              |                 |
|  | 5   | 0            | 39,4            |
|  | 4   | 42,1         | 30,3            |
|  | 3   | 57,9         | 30,3            |
|  | 2   | 0            | 0               |
|  | Дисперсия D                                   | 0,449        | 0,0488          |
|  | Бағалаудың орташа квадраттық ауытқуы $\sigma$ | 0,212        | 0,221           |
| Вариация коэффициенті $W_i$  | 0,0543(5,4%)                                  | 0,0539(5,3%) |                 |
| Қазақстанның<br>биоалуантүрлілігі,<br>Қазақстандағы<br>биоалуантүрлілікті сақтау<br>жөніндегі іс-шаралар | Орта балл $\bar{a}$                           | 4,2          | 4,6             |
|  | 5   | 41,5         | 69,5            |
|  | 4   | 48,3         | 26,1            |
|  | 3   | 10,3         | 4,4             |
|  | 2   | 0            | 0               |
|  | Дисперсия D                                   | 0,0384       | 0,0338          |
|  | Бағалардың орташа ауытқуы $\sigma$            | 0,196        | 0,184           |
|  | Вариация коэффициенті $W_i$                   | 0,046(4,6%)  | 0,04(4%)        |
| Биологиялық<br>алуантүрлілікті төмендету<br>факторы ретінде қоршаған<br>ортаның ластануы                 | Орта балл $\bar{a}$                           | 4,3          | 4,6             |
|  | Бағаларды үйлестіру:                          |              |                 |
|  | 5   | 50           | 60,8            |
|  | 4   | 28,6         | 28,9            |
|  | 3   | 21,4         | 10,3            |
|  | 2   | 0            | 0               |
|  | Дисперсия D                                   | 0,0445       | 0,0368          |
|  | Бағалардың орташа ауытқуы $\sigma$            | 0,211        | 0,192           |
| Вариация коэффициенті $W_i$  | 0,049(4,9)                                    | 0,0417(4,1%) |                 |

Кестеде келтірілген нәтижелер бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттерінің білімді игеруінің жоғары нәтижелері туралы куәландырады, бұл өз кезегінде биоалуантүрліліктің мазмұнын зерттеу үшін біз жасаған әдістеменің тиімділігін көрсетеді. Тәжірибелі-эксперименттік

жұмыс нәтижелерінің сенімділік дәрежесін жоғарылату үшін математикалық статистика әдістері қолданылды. Оқыту нәтижесінің статистикалық мәліметтері студенттердің оқу үдерісінің тиімділігін растады.

Білім алушылардың ауа, топырақ, судың экологиялық күйін талдау дағдыларын меңгеруі; қоршаған ортаның ластану түрлерін және табиғи экожүйелер мен қаланың экожүйелеріндегі антропогендік қысым дәрежесін анықтау бейімділігі тексеріліп, бағаланды. Биологиялық алуантүрлілік туралы білімді білім беру міндеттері мен мәселелерін шешуде білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруды бағалау нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

Кесте 2 - Студенттер арасындағы мәселелер мен мәселелік жағдайларды шешуде білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруды талдау нәтижелері (деңгей бойынша қалыптастырушы кезең, %-пен ТТ – 70 адам, БТ – 72 адам)

|   | Білімді қолдана білу  | 0 деңгей |      | I деңгей |      | II деңгей |      | III деңгей |      |
|---|---|----------|------|----------|------|-----------|------|------------|------|
|   |   | БТ       | ТТ   | БТ       | ТТ   | БТ        | ТТ   | БТ         | ТТ   |
| 1 | Ұғымдарды анықтау және олардың мазмұнын ашу                                 | 13,8     | 14,2 | 37,5     | 20,0 | 41,7      | 42,8 | 6,9        | 22,8 |
| 2 | Биоалуантүрлілік тұжырымдамалары арасындағы байланыстырды анықтау           | 18,0     | 12,8 | 40,3     | 17,1 | 29,2      | 42,8 | 12,5       | 27,2 |
| 3 | Тұжырымдар мен жалпылауды нақтылайтын ғылыми дәлелдердің мысалдарын келтіру | 22,2     | 10,0 | 31,9     | 21,4 | 36,1      | 45,7 | 9,7        | 22,8 |
| 4 | Мәселенің шешім нұсқасын таңдау кезінде білімді қолдану                     | 23,4     | 14,2 | 27,9     | 17,1 | 38,9      | 40,0 | 9,7        | 28,6 |

Бақылау бөлімінің нәтижелері бойынша алынған мәліметтер бақылау тобындағы студенттермен салыстырғанда тәжірибелік топ студенттері арасындағы білім беру мәселелерін шешуде биоалуантүрлілік туралы білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруда айтарлықтай жақсы жетістіктерді көрсетті.

Студенттердің биоалуантүрлілік құндылықтары туралы түсінігі бақылау және сауалнамалар жүргізу арқылы тексерілді.

Жауаптарды талдау эмоционалды-құндылық белсенділіктің дамуының үш деңгейін ескере отырып жүргізілді (Sumantri, 2018). Ең төмен деңгей – бірінші үшін келесі көрсеткіштер тән:

эмоционалды-сезімталдылық реакциялардағы эмоционалды-құндылық белсенділіктің көрінісі (қабылдау, жауап беру);

табиғатқа деген бақылаушы-алаңдаушылық қатынас;

қоршаған ортаның ластануымен, биоалуантүрліліктің төмендеуімен, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жойылуымен байланысты мәселелерді қабылдаудағы алшақтық.

Эмоционалды-құндылық белсенділіктің дамуының екінші деңгейі сипатталады:

Биоалуантүрлілікке қатысты мәселелерді зерттеудің оң мотивінің болуымен; Биоалуантүрліліктің көпжақты маңыздылығын мойындау; табиғат құндылықтарын дұрыс қабылдаумен;

биоалуантүрліліктің төмендеуімен байланысты, мәселелерді жеке бағалаудың болуымен.

Эмоционалды-құндылық белсенділіктің дамуының үшінші деңгейі өзінің позициясының, өзіндік құндылықтар жүйесінің көрінуімен сипатталады.

Алынған деректерді салыстырмалы түрде талдау білім алушылар арасындағы құндылықтық қатынастарды қалыптастыру үдерісінің оң динамикасын куәландыратын нәтижелер алуға мүмкіндік берді, кесте 3.

Кесте 3 - Білім алушылардың құндылық қатынастарын дамыту нәтижелері (% -бен)

| Құндылық қатынастардың даму деңгейі | БТ (72 адам) | ЭТ (70 адам) |
|-------------------------------------|--------------|--------------|
| 1-ші деңгей (төмен)                 | 36,1         | 31,4         |
| 2-ші деңгей (орташа)                | 41,7         | 40,0         |
| 3-ші деңгей (жоғары)                | 22,2         | 28,6         |

Алынған нәтижелер білім алушылардың жеке экологиялық көзқарастарын даму мен әлеуметтену тенденцияларын көрсетеді, және ЖОО-ғы биология пәнінің оқытушыларын дайындауда биоалуантүрліліктің мазмұнын зерттеудің эксперименттік әдістемесінің тиімділігі туралы куәландырады.

### **Қорытынды**

Алынған мәліметтер құндылық қатынастардың дамуының екінші және үшінші деңгейлерге ие білімгерлер үлесінің артуын көрсетеді. Табиғатқа деген ресурстық пен ойланушылық көзқарас, биоалуантүрлілік мәселелеріне бейтарап позиция табиғаттың көп өлшемді құндылығын мойындаумен және табиғат құндылықтарын позитивті қабылдаумен ауыстырылады. Алынған эксперименттік зерттеу нәтижелері жоғарғы оқу орындарындағы биология білім алушыларының биоалуантүрлілікті зерттеу әдістемесінің тиімділігін растайды. Сонымен қатар, жоғары оқу орны студенттерінде де биоалуантүрлілік туралы білімін қалыптастыруға қосымша ақпарат қосу қажеттігі көрсетілді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

Саттаров Х.Д. (2011). Подготовка учителя к реализации экологического образования школьников. - Казанский педагогический журнал. – 2011.- №3 – 15 с.

Шілдебаев Ж.Б. (2016). Биолог бакалаврларының заманауи педагогикалық-әдістемелік іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру. «Орта және жоғарғы мектептерде биологиялық және экологиялық білім берудің өзекті проблемалары: инновация және тәжірибе» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2016. – 74–77 б.

Уткина Т.В., Ламехова Е.А., Ламехов Ю.Г. (2016). К вопросу о методике изучения биологического разнообразия в средней общеобразовательной школе. - международный научный журнал «Инновационная наука» №3/2016, 203–208 с.

Айдарбаева Д.К., Шолпанкулова Г.А. (2018). Изучение биоразнообразия полезных растений Южного Казахстана /Перспективные направления исследований в методике обучения биологии и экологии /Сборник статей Международной научно-практической конференции (19–22

ноября 2018 г.). Выпуск 16, Санкт-Петербург / под ред. проф. Н.Д. Андреевой. – СПб.: «Свое издательство», 2018. – 193–195 с.

Sauytbayeva G., Nurgaliyeva A., Arystanova A., Nurgaliyev N., Zhusupova L., Narenova S., Bayzhanova B. (2018). Cenopopulation Status Assessment of Vegetative Cover of Coastal North-Eastern Pre-Caspian Area. *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2018. – Vol. 9. № 2. – Pp. 310–317. DOI: 10.14505/jemt.v9.2(26).12

Ibadullayeva S.Zh., Shildebayev Zh., Zhunisov A., Zhusupova L.Zh., Alieva Zh.G. (2022). Student-centered technology in the professional training of future biology teachers for the regional component. // *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. Volume 1. Issue 3. Turkey, 2022, Pp. 837–854, <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7366>

Суравегина И.Т. (1999). «Биоразнообразии». Новая тема в курсе биологии / И. Т. Суравегина, Л. И. Шурхал // *Биология в школе*. – 1999. – № 7. – С. 31–33.

Тяптиргянов М.М. (2002). Биоразнообразие как предмет философского анализа [Текст] / М. М. Тяптиргянов. – М. : Экономика и информатика, 2002. – 184 с. 104.

Suhirman S., Yusuf Y., Hunaepi H. & Ikhsan M. (2022). Scientific Curiosity of Biology Teacher Candidate . *Journal of Innovation in Educational and Cultural Research*, 3 (3), 405–411. <https://doi.org/10.46843/jiecr.v3i3.123>

Sumantri M.S., Prayuningtyas A.W., Rachmadtullah R. & Magdalena I. (2018). The Roles of Teacher Training Programs and Student Teachers' Self- Regulation in Developing Competence in Teaching science. *Advanced Science Letters*, 24 (10), 7077–7081. <https://doi.org/10.1166/asl.2018.12412>

Tanner K. & Allen D. (2006). Approaches to biology teaching and learning : On integrating pedagogical training into the graduate experiences of future science faculty \_ CBE—Life Sciences Education, 5 (1), 1–6. <https://doi.org/10.1187/cbe.05-12-0132>

Дерябо С.Д., Ясвин В.А. (1996). Экологическая педагогика и психология. Ростов н/Д: Феникс, 1996. – 477 с.

#### REFERENCES

Sattarov Kh.D. (2011). Preparing a teacher for the implementation of environmental education of schoolchildren. - *Kazan Pedagogical Journal*. - 2011.- №3. - 15 p.

Shildebaev Zh.B. (2016). Biologist Bachelorarynyn Zamanau and Pedagogics “Orta zhane zhogargy mektepterde biologiylyk zhane ecologylyk bilim berudin ozekti problemalary: innovation zhane tazhiribe” atty Halykaralyk gylymy-practical conference material gifts. -Almaty, 2016. – Pp. 74–77

Utkina T.V., Lamekhova E.A., Lamekhov Yu.G. (2016). On the question of the methodology for studying biological diversity in secondary schools. - international scientific journal "Innovative Science". № 3/2016. Pp. 203–208.

Aidarbayeva D.K., Sholpankulova G.A. (2018). The study of the biodiversity of useful plants in South Kazakhstan / Promising areas of research in the methodology of teaching biology and ecology / Collection of articles of the International Scientific and Practical Conference (November 19–22, 2018). Issue 16. St. Petersburg / ed. prof. N.D. Andreeva. - St. Petersburg: "Own publishing house", 2018. – Pp. 193–195

Sauytbayeva G., Nurgaliyeva A., Arystanova A., Nurgaliyev N., Zhusupova L., Narenova S., Bayzhanova B. (2018). Cenopopulation Status Assessment of Vegetative Cover of Coastal North-Eastern Pre-Caspian Area. *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2018. – Vol. 9. № 2. – Pp. 310–317. DOI: 10.14505/jemt.v9.2(26).12

Ibadullayeva S.Zh., Shildebayev Zh., Zhunisov A., Zhusupova L.Zh., Alieva Zh.G. (2022). Student-centered technology in the professional training of future biology teachers for the regional component. // *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. Volume 1. Issue 3. Turkey. 2022. Pp. 837–854, <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7366>

Суравегина И.Т. (1999). "Biodiversity". A new topic in the course of biology / И. Т. Суравегина, Л. И. Шурхал // *Biology at school*. - 1999. - № 7. - Pp. 31–33.

Tyaptirgyanov M.M. (2002). Biodiversity as a subject of philosophical analysis [Text] / M. M. Tyaptirgyanov. - M. : Economics and informatics, 2002. – 184 –104.

Suhirman S., Yusuf Y., Hunaepi H. & Ikhsan M. (2022). Scientific Curiosity of Biology Teacher Candidate . Journal of Innovation in Educational and Cultural Research, 3 (3), 405–411. <https://doi.org/10.46843/jiecr.v3i3.123>

Sumantri M.S., Prayuningtyas A.W., Rachmadtullah R. & Magdalena I. (2018). The Roles of Teacher Training Programs and Student Teachers' Self- Regulation in Developing Competence in Teaching science. Advanced Science Letters. 24 (10). 7077–7081. <https://doi.org/10.1166/asl.2018.12412>

Tanner K. & Allen D. (2006). Approaches to biology teaching and learning : On integrating pedagogical training into the graduate experiences of future science faculty \_ CBE—Life Sciences Education, 5 (1), 1–6. <https://doi.org/10.1187/cbe.05-12-0132>

Deryabo S.D., Yasvin V.A. (1996). Ecological pedagogy and psychology. Rostov n / a: Phoenix, 1996. - 477 p.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 4. Number 404 (2023, 143-157)  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.541>

ӨОЖ 372.857;  
МҒТАП 14.25.09

© **G.I. Isaev\***, **SH.M. Alimova**, **N.D. Kozhanova**, **E.K. Ibragimova**,  
**B.Z. Umirov**, 2023

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkistan, Kazakhstan.

E-mail: [gani.isayev@ayu.edu.kz](mailto:gani.isayev@ayu.edu.kz)

## **ORGANIZATION OF THE BIOLOGY LESSON THROUGH THE IMPLEMENTATION OF SCAFFOLDING METHODS IN THE TECHNOLOGY OF SUBJECT-LANGUAGE INTEGRATED LEARNING**

**G.I. Issayev** — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [gani.isayev@ayu.edu.kz](mailto:gani.isayev@ayu.edu.kz);

**Sh.M. Alimova** — Master's Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [shakhnoza.alimova@ayu.edu.kz](mailto:shakhnoza.alimova@ayu.edu.kz);

**N.D. Kozhanova** — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [nagima.koshanova@ayu.edu.kz](mailto:nagima.koshanova@ayu.edu.kz);

**E.K. Ibragimova** — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [elmira.ibragimova@ayu.edu.kz](mailto:elmira.ibragimova@ayu.edu.kz);

**B.Z. Umirov** — Master's Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [bauyrzhan.umirov@ayu.edu.kz](mailto:bauyrzhan.umirov@ayu.edu.kz).

**Abstract.** Currently, knowledge of a foreign language is an important issue all over the world, the education of a competitive personality is the key to the future of the nation. Therefore, the introduction of subject-language technologies of integrated learning into the education system is an actual process in society for mastering a foreign language. Especially in the teaching of natural-mathematical subjects, conducting classes using a foreign language will undoubtedly contribute to the assimilation of several skills by students. This article discusses the organization of a biology lesson based on a Scaffolding Strategy with the rational use of CLIL technology among modern technologies of integrated subject-language learning. The research work uses new innovative methods and approaches in empirical and instructional teaching, methods of comparison, mathematical analysis. In addition, during the research observations and surveys of students were conducted. Based on

the students' opinions, the teaching methods and approaches used during the lesson were collected. During the lessons in the section "transportation of objects" for the 8th grade, a comparative analysis of group and individual work was made with an emphasis on their actions. As a result of the study, it was discussed that group work is convenient for schoolchildren in the Scaffolding Strategy, that students need the help of colleagues to fully assimilate the lesson. In addition, there was an increase in the vocabulary of students in a foreign language during classes.

**Keywords:** biology subject, integrated subject-language learning, scaffolding strategy, CLIL technology, teamwork, individual work, assessment

© **А.И. Исаев\***, **Ш.М. Алимова**, **Н.Д. Қошанова**, **Э.К. Ибрагимова**, **Б.З. Умиров**, 2023

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан.

E-mail: gani.isayev@ayu.edu.kz

### **ПӘНДІК-ТІЛДІ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА СКАФФОЛДИНГ ӘДІСІН ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Ғ.И. Исаев** — техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: gani.isayev@ayu.edu.kz;

**Ш.М. Алимова** — Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: shakhnoza.alimova@ayu.edu.kz;

**Н.Д. Қошанова** — филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: nagima.koshanova@ayu.edu.kz;

**Э.К. Ибрагимова** — техника ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: elmira.ibragimova@ayu.edu.kz;

**Б.З. Умиров** — Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр-оқытушысы, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: bauyrzhan.umirov@ayu.edu.kz.

**Аннотация.** Қазіргі таңда әлем бойынша шет тілін білу маңызды мәселе болып табылады, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу — ұлт болашағының кепілі. Сол себепті пәндік-тілді кіріктіре оқыту технологияларын білім беру жүйесіне енгізу - шет тілін меңгерту үшін қоғамдағы өзекті үдеріс. Әсіресе, жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді оқытуда шет тілін қолданып сабақ жүргізу оқушылардың бірнеше дағдыларды бойына сіңірулеріне зор септігін тигізетіні сөзсіз анық. Бұл мақалада қазіргі таңдағы пәндік-тілді кіріктіре оқыту технологияларының қатарындағы CLIL технологиясын ұтымды пайдаланып, биология сабағын Скаффолдинг әдісіне сүйене отырып ұйымдастыру қарастырылған. Ғылыми зерттеу жұмысында



эмпирикалық және оқытудағы жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері, салыстыру, математикалық талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында оқушыларға бақылау және сауалнамалар жүргізілді. Оқушылардың ой-пікіріне негізделіп әдіс-тәсілдер жинақталып, сабақ барысында пайдаланылды. 8-сыныпқа «Заттардың тасымалдану» бөліміне сабақ жүргізу барысында олардың іс-әрекеттеріне назар аударылып, топтық және жеке жұмыстарға салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде оқушыларға Скаффолдинг әдісінде топтық жұмыстың ыңғайлы екенін, білімгерлердің сабақты толық меңгеру үшін әріптестерінің көмегінің қажет екендігі талқыланды. Сонымен қатар, оқушылардың шет тіліндегі сөздік қорының артқандығы сабақ жүргізу кезінде байқалды.

**Түйін сөздер:** биология пәні, пәндік-тілді кіріктіре оқыту, Скаффолдинг әдісі, CLIL технологиясы, топтық жұмыс, жеке жұмыс, бағалау

Мақала AP14871864 «Қазақстандық мұғалімдердің көп сауатты моделін әзірлеу және биологиялық білім беру үдерісінде пәндік тілді кіріктірілген оқыту әдістемесімен білім беру үлгілерін стратегиялық түрлендіру» атты гранттық жобасы аясында қаржыландырылды.

© А.И. Исаев\*, Ш.М. Алимова, Н.Д. Кошанова, Э.К. Ибрагимова,  
Б.З. Умиров, 2023

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда  
Ясави, Казахстан, Туркестан.

E-mail: gani.isayev@ayu.edu.kz

**ОРГАНИЗАЦИЯ УРОКА БИОЛОГИИ ЧЕРЕЗ РЕАЛИЗАЦИЮ  
МЕТОДОВ СКАФФОЛДИНГА В ТЕХНОЛОГИИ ПРЕДМЕТНО-  
ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Г.И. Исаев** — кандидат технических наук, доцент Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: gani.isayev@ayu.edu.kz;

**Ш.М. Алимова** — магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: shakhnoza.alimova@ayu.edu.kz;

**Н.Д. Кошанова** — кандидат филологических наук, доцент Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: nagima.koshanova@ayu.edu.kz;

**Э.К. Ибрагимова** — кандидат технических наук, и.о. доцент Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: elmira.ibragimova@ayu.edu.kz;

**Б.З. Умиров** — магистр-преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: bauyrzhan.umirov@ayu.edu.kz .

**Аннотация.** В настоящее время знание иностранного языка во всем мире является важным вопросом, воспитание конкурентоспособной личности — залог будущего нации. Поэтому внедрение предметно-языковых технологий

интегрированного обучения в систему образования — актуальный процесс в обществе для овладения иностранным языком. Особенно, в преподавании предметов естественно-математического направления проведение занятий с использованием иностранного языка, несомненно, будет способствовать усвоению учащимися нескольких навыков. В данной статье рассматривается организация урока биологии на основе стратегии скаффолдинга с рациональным использованием технологии CLIL в ряде современных технологий интегрированного предметно-языкового обучения. В научно-исследовательской работе использованы новые инновационные методы и подходы в эмпирическом и обучающем обучении, методы сравнения, математического анализа. Кроме того, в ходе исследования были проведены наблюдения и опросы учащихся. На основе мнения учащихся были собраны методы и подходы обучения, использованные в ходе урока. В ходе занятий по разделу «транспортировка предметов» для 8 класса был сделан сравнительный анализ групповой и индивидуальной работы с акцентом на их действия. В результате исследования было обсуждено, что школьникам в стратегии скаффолдинга удобна групповая работа, что обучающимся нужна помощь коллег для полноценного усвоения урока. Кроме того, при проведении занятий наблюдалось увеличение словарного запаса учащихся на иностранном языке.

**Ключевые слова:** предмет биологии, интегрированное предметно-языковое обучение, стратегия скаффолдинга, технология CLIL, командная работа, индивидуальная работа, оценка

### **Кіріспе**

Қазақстанда білім беру жүйесінде соңғы жылдары елеулі өзгерістер енгізілуде. Ол үшін алға нақты қадамдар қойылып, біршама жұмыстар атқарылуда: білім беру жүйесінің сапасын жақсарту үшін шет елдік технологияларды қолдана отырып, білімгерлерді жанашылдыққа баулу, сыни ойлауын жетілдіру, өзін-өзі бағалауын қалыптастыру, дамыған елдермен бәсекеге түсе алатындай ұрпақ тәрбиелеу сынды жұмыстар. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылармен ғана жұмыс жүргізіліп қоймай, ұстаздарға да функционалдық сауаттылығын арттыруға және өзін жан-жақты дамытуға жағдай жасалынған. Өйткені, ХХІ ғасыр ұстазы — жанашылдықты бойына сіңірген, тоқтаусыз ізденісте болатын қоғам мүшесі.

Жаһандану ағынына сәйкес заман талабы көп тілді білетін тұлғаларды қажет етеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей, «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады» (Қ.К. Тоқаев, Қазақстан Халқына Жолдауы, 2022). Функционалды сауаттылықты арттыру, креативті ойлау, әлемдік аренада өз-өзін еркін ұстай алатын тұлға ретінде қалыптастыру үшін жас буынға шет тілін білу өте маңызды. Тек білім беру саласында ғана емес мәдениет пен спортта да, экономика мен халықаралық қатынастарда да, медицина мен денсаулық сақтау салаларында да шет тілін білу маңызды әрі өте қажет күзиреттілік болып табылады.

Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің негізгі саясаты - көп тілді жаһандық ортада бәсекеге қабілетті мамандар дайындау (Konyssova, 2022). Сол себепті білім беру жүйесінде пәндік-кіріктіре оқыту технологиялары жүзеге асырылып, еліміздің жоғарғы оқу орындарында жаратылыстану бағытындағы (химия, биология, информатика, физика) пәндер бойынша шет тілін жетік білетін педагог кадрларды қалыптастыруда.

Қазіргі қоғамның дамуы қазіргі уақытта жеделдетілген қарқынмен жүруде. Әлеуметтік-экономикалық, технологиялық саладағы жаңғырту, өндіріс көлемін ұлғайту, халықаралық байланыстарды дамыту адам қызметінің әртүрлі салаларында мамандар даярлау процестеріне жоғары талаптар қояды. Ғылымдағы интегративті байланыстардың күшеюі қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауды жетілдіру қажеттілігін туғызды. Осыған байланысты кең профильді оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Екі тілділік мәселесін зерттеуге деген қызығушылықтың артуы ХХІ ғасырдың басында еуропалық мамандар құжатты әзірлегеннен кейін пайда болды

"Common European Framework of Reference, CEFR" (шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, бағалау) 2001 жылғы қарашада Еуропалық Одақ Кеңесінің (ЕО) қарары коммуникативтік құзыреттілікті бағалаудың ұлттық жүйелерін құру үшін CEFR ұсынды.

Қазақстанның Болон жүйесіне кейінгі қосылуы (2003) пәндік — интеграцияланған оқыту модельдерін жобалау саласындағы жұмысты жандандырды. Елімізде үштілді білім беруді қолға алумен қатар билингвалды оқулықтарды әзірлеу процесі қатар жүргенін атап өтуімізге болады (Исабекова және Дуйсенова, 2022).

Ауқымды жаһандану және интернет желісінің жедел даму қарқыны еңбек нарығында, атап айтқанда, ірі халықаралық компанияларда ұсыныстардың өсуіне ықпал етеді. Биология саласындағы мамандарды екі тілді негізде даярлау да өзекті болып отыр. Бұл қажеттіліктің себептерінің бірі — биологиялық ақпараттың, ғылыми іргелі ғылыми еңбектердің және биология-химия саласындағы ғылыми жаңалықтардың бастапқы көздерінің ағылшын тілінде ұсынылуы. Алайда, арнайы мақсаттар үшін ҰБТ-ны зерттеу, биолог маманын даярлау процесінде оқытудың жалпы бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады, оның негізгі мақсаты студентті бейресми қарым-қатынасқа дайындау болып қала береді. Қазіргі әлемде шет тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар кәсіби өсу құралы болып табылады. Осы себепті шет тіліндегі кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған арнайы ҰБТ-ны зерттеу қажеттілігі туындайды. Осылайша, маман тек ауыз екі шет тілін ғана емес, сонымен қатар кәсіби биологиялық терминдерді, биология пәнінде көбейтіп, студенттер немесе оқушылардың сөздік қорларын дамыту.

Пәндік-кіріктіре оқыту технологияларын қолдануды әлемдік ғалымдар ХІХ ғасырдан бастап ұсынып, бастауын АҚШ және Еуропа елдерінен алған. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде пәндік-кіріктіре оқыту технологиясы ретінде

Content and Language Integrated Learning (бұдан әрі-CLIL) технологиясы ауқымды қолдануда.

Pichugina E.V. (2006) Professionogram as the basis of professional training of an education manager / E.V. Pichugina // Theoretical and applied problems of the service. - Moscow: "Ray". - № 4(21). —pp.18-20. [in Russian].

Kuznetsov V.V. (2013) Managerial culture of the head: [management in post-industrial society]: textbook /V.V. Kuznetsov, O.V. Orlovskaya. - Moscow: Egves. - 177 p.

Lizina N.V. (2006) Managerial culture as a qualitative indicator of managerial activity / Polzunovsky Bulletin..-No. 1. - pp. 231-234. [in Russian].

Pavlova E.V. (2015) Managerial culture: concept, essence, main features / E.V. Pavlova // Young scientist. No. 10. - pp. 1059-1061. [in Russian].

Plotnikova O.A. (2012) Managerial culture in the conditions of modernization of Russian society: a socio-philosophical approach / Pyatigorsk: Publishing house "Pyatigorsk Humanitarian and Technological University". - 80 p. [in Russian].

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991–3494  
Volume 4. Number 404 (2023), 168-178  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.543>

© **A.N. Konkabayeva\***, **N.N Konkabayeva**, **R.ZH. Murzabayeva**, 2023

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: [konkabayeva.arailym@mail.ru](mailto:konkabayeva.arailym@mail.ru)

## THE ROLE OF LIBRARIES IN THE FIELD OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE 20S OF THE 20TH CENTURY

**Konkabayeva Arailym** — Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, 28, Shevchenko str., 050000. Almaty, Kazakhstan. Master of History

E-mail: [konkabayeva.arailym@mail.ru](mailto:konkabayeva.arailym@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>;

**Konkabayeva Nazym** — Abai Kazakh National University, 25 Zhambyl str., Almaty, Kazakhstan. Head of the Department of Oriental Philology and Translation, PhD

E-mail: [haia89@mail.ru](mailto:haia89@mail.ru), <https://orcid.org/0001-5161-2232>;

**Mrzabayeva Raushan** — Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, 28, Shevchenko str., 050000. Almaty, Kazakhstan

E-mail: [rosh85@mail.ru](mailto:rosh85@mail.ru). ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>.

**Abstract.** The 1920s were a period of active social, cultural and political changes in Kazakhstan. Libraries played a special role in the framework of these reconstructions, their organization and development are analyzed in the article. *The purpose and objectives* of the study are the place and role of libraries in the field of education in the 20s of the twentieth century; to take into account the contribution of the Society for the Study of Kazakhstan to the organization of library work, activities for the formation of the book fund and the development of libraries. *Materials and methods.* The article mainly uses archival documents of libraries created in the early twentieth century. *Discussion.* The Society for the Study of Kazakhstan actively held library events, including lectures, readings, literary evenings and exhibitions. These events contributed to the wide promotion of reading, the development of cultural awareness and education of the population. *Conclusion.* Libraries play an important role in education, culture and the development of society. In the 1920s, significant changes took place in the field of librarianship in the country, which became an important factor in improving the quality of additional education.

**Keywords:** education system, illiteracy, librarianship, Kazakhstan Scientific Society, cultural education, books

The article was prepared within the framework of the AP09260737 project "Educational activities of public organizations in Kazakhstan in the first quarter of the twentieth century".



© А.Н. Конкабаева\*, Н.Н. Конкабаева, Р.Ж. Мрзабаева, 2023

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,  
Қазақстан, Алматы.

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

## XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ РӨЛІ

**А.Н. Конкабаева** — Тарих магистры, ғылыми қызметкер. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>;

**Н.Н. Конкабаева** — Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, көш. Жамбыл 25, Алматы, Қазақстан. Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы

E-mail: haia89@mail.ru, <https://orcid.org/0001-5161-2232>;

**Р.Ж. Мрзабаева** — кіші ғылыми қызметкер. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

E-mail: rosh85@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>.

**Аннотация.** *Кіріспе.* 1920 жылдар Қазақстандағы белсенді әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістер кезеңі болды. Мақалада осы қайта құрулар аясында кітапханалар ерекше рөл атқарды, олардың ұйымдастырылуы мен дамуы талданады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* — XX ғасырдың 20-жылдарындағы білім беру саласындағы кітапханалардың орны мен рөлі; Қазақстанды зерттеу қоғамының кітапхана ісін ұйымдастыруға, кітап қорын қалыптастырудағы қызметі мен кітапханаларының дамуына қосқан үлесін қарастыру. *Материалдар мен әдістер.* Мақалада негізінен XX ғасырдың басындағы құрылған кітапханалар бойынша архив құжаттары пайдаланылды. *Талқылау.* Қазақстанды зерттеу қоғамы кітапхана іс-шараларын, соның ішінде лекциялар, оқулар, әдеби кештер мен көрмелерді белсенді түрде өткізді. Бұл іс-шаралар кітап оқуды кеңінен насихаттауға, мәдени сананы дамытуға және халықтың білім алуына ықпал етті. *Қорытынды.* Кітапханалардың білім беруде, мәдениетте, қоғамның дамуында алатын орны зор. 1920 жылдары елімізде кітапхана ісі саласында елеулі өзгерістер болды, бұл қосымша білім беру сапасын арттырудың маңызды факторына айналды.

**Түйін сөздер:** білім жүйесі, сауатсыздық, кітапхана ісі, Қазақстанды зерттеу қоғамы, мәдени-ағарту, кітаптар

Мақала: AP09260737 «XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ағартушылық қызметі» жобасы аясында дайындалды.

© А.Н. Конкабаева\*, Н.Н. Конкабаева, Р.Ж. Мрзабаева, 2023

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан.

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

## **РОЛЬ БИБЛИОТЕК В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА**

**А.Н. Конкабаева** — Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, д.28, ул. Шевченко, 050000, Алматы, Казахстан). Магистр истории

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>;

**Н.Н. Конкабаева** — Казахский Национальный университет имени Абая, ул. Жамбыла 25, Алматы, Казахстан. Заведующая кафедрой восточной филологии и перевода, PhD доктор

E-mail: haia89@mail.ru, <https://orcid.org/0001-5161-2232>;

**Р.Ж. Мрзабаева** — Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, д.28, ул. Шевченко, 050000, Алматы, Казахстан. Ведущий научный сотрудник

E-mail: rosh85@mail.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>.

**Аннотация.** 1920-е годы были периодом активных социальных, культурных и политических изменений в Казахстане. Библиотеки сыграли особую роль в рамках этих реконструкций, в статье анализируются их организация и развитие. *Цель и задачи исследования* место и роль библиотек в сфере образования в 20-е годы XX века; Учесть вклад Общества изучения Казахстана в организацию библиотечной работы, деятельность по формированию книжного фонда и развитию библиотек. В статье использованы архивные документы библиотек, созданных в начале XX века. Общество изучения Казахстана активно проводило библиотечные мероприятия, в том числе лекции, чтения, литературные вечера и выставки. Эти мероприятия способствовали широкой пропаганде чтения, развитию культурного самосознания и просвещения населения. Библиотеки играют важную роль в образовании, культуре и развитии общества. В 1920-е годы в сфере библиотечного дела в стране произошли существенные изменения, что стало важным фактором повышения качества дополнительного образования.

**Ключевые слова:** система образования, безграмотность, библиотечное дело, общество изучения Казахстана, культурное образование, книги

Статья подготовлена в рамках проекта AP09260737 «Просветительская деятельность общественных организаций в Казахстане в первой четверти XX века».

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына отыздан астам уақыт өткеніне қарамастан, тарихымыздың әлі де толығымен зерттелмеген тақырыптар баршылық. Сондай тақырыптардың бірі XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы ғылыми мекемелердің (музей, архив, клубтар мен кітапханалар) білім саласындағы рөлі мен қызметінің тарихы.

XX ғасырдың бірінші ширегінде елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық

өзгерістер тікелей мәдени-ағарту, ғылыми мекемелердің қалыптасуына әсер етті. Ол мекемелерге музей ісі, театрлар, клубтар мен кітапханаларды атап айтуға болады. Соның ішінде қазақ халқының мәдениетінің ырғақты дамуына ғылыми-мекемелердің, соның ішінде кітапханалардың қалыптасуы мен олардың халықтың сауатын ашудағы, адамдардың білімін жетілдіріп, мәдени ой-өрісін қалыптастырудағы алар орны ерекше.

Арнайы жүйеленген кітапханалардың қалыптасуының арқасында жан-жақта шашырап, жыртылып, бүлініп жатқан кітаптар жинақталып, бір жүйеге келген болатын. Кітапханалардың білім беруде, мәдениетте, қоғамның дамуында алатын орны зор. 1920 жылдары елімізде кітапхана ісі саласында елеулі өзгерістер болды, бұл қосымша білім беру сапасын арттырудың маңызды факторына айналды.

Кітапхана ұйымдастыру ісінің қолға алынуының маңыздылығы халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған кітаптардың шашырамай бір мекемеде жинақталуы. Өйткені шашырап жатқан кітаптар саяси болсын, әлеуметтік болсын жағдайларға байланысты жоғалып, сақталмай қалуы әбден мүмкін. Кітап адамдарды өзінің тарихымен таныстыруға, өткенді біліп, болашақты болжауда және өткеннің қателіктерін жібермеуде, басқа халықтың өмірі мен тағдырын, тарихы мен салтын, мәдениеті мен саясатын, экономикасы мен дамуын және т.б. сөзбен айтып жеткізе алмайтындай көптеген нәрсені оқып-біліп, танысуға мүмкіндік береді.

Кітапхана қызметкерлерінің материалдық және әлеуметтік жағдайларына байланысты кітапхана ісі де дұрыс ұйымдастырылмай, жедел дамуын тежеген. Сол себептен кітапханалардың қалыптасуы, кітапхана қызметкерлерін дайындау үдерісі қатар жүрген, сондағы тәжірибелер мен нәтижелер бүгінгі таңда да маңыздылығын жоймаған.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Мақала жазуда негізгі дереккөз ретінде архив құжаттары, деректік мәліметтер, құжаттар жинақтары кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 693-ші қорының 1-ші тізбесі (ҚазАССР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы), 81-ші қоры (Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариаты) негізінде талданып жазылды. Онда Қазақстанды зерттеу қоғамы туралы, сондай-ақ кітапханалар, музейлер, клубтар және т.б. жайлы деректер сақталған. Қазақстан Республикасының Президенті архивінің келесі қорлары: 139 қор — (РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) комитеті, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті), 140 қор — (РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы) молынан пайдаланылды.

Сондай-ақ құжаттар мен материалдардың жинақтарынан: «Библиотечное дело в Казахстане 1918–1945 гг.» (1990), «История образования в Казахстане в архивных источниках (20–30 годы XX века)» (2022) көптеп қарастырылды.

Мақала жазу барысында салыстырмалы, тарихи-мәдени, сипаттау және т.б. әдістер қолданылған. Аталған әдістер тақырыпты кеңінен ашуға көмегін тигізді. Архив құжаттары мен мәліметтеріне талдау жасалынды.

### **Талқылау**

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі кітапхана ісінің қалыптасуы мен дамуына қатысты зерттеулер мен еңбектерді атап айтатын болсақ, Р.Б. Сүлейменов пен Х.И. Бисеновтың (Сүлейменов, Бисенов, 1967:415), И.М. Қозыбаевтың (Козыбаев, 1990: 272), А.Б. Галиевтің (Галиев, 1998: 139), С.Ш. Ахметованың (Ахметова, 1982: 168), Н. Дәулетова мен К. Нұрахметова (Дәулетова, Нұрахметова, 1994: 88), Ә.К. Шашаев және т.б. зерттеулерінен мол мағлұматтарды алуға болады.

Аталған тақырып бойынша диссертациялық жұмыстар жазылған. Мысалы, 2010 жылы Б.С. Асанованың «Қазақстандағы кітапхана ісінің даму тарихы (1920–1960 жж.)» (Асанова, 2010) атты кандидаттық диссертациясында кеңестік кезеңдегі кітапхана ісінің дамуының ерекшеліктері мен қиыншылықтарына, кітапхана қызметкерлерін даярлау ісі мен олардың қызметі туралы, 1920–1925 жылдар аралығындағы кітапханалардың азаюы мен көбею деңгейі де жазылған. Ал А.Т. Селкебаеваның «Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920–1936 жж.)» (Селкебаева, 2005) кандидаттық диссертациясында «Талап» қоғамының, Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметтері туралы айтқан.

### **Зерттеу нәтижесі**

XX ғасырдың 20-жылдары Қазақстандағы білім беру жүйесін ұйымдастыруда Халық ағарту комиссариаты қызметінің рөлі зор. Оның мүшесі А. Байтұрсыновтың 1921 жылғы баяндамасында елдегі экономикалық құлдырау, материалдық ресурстардың жетіспеушілігі салдарынан мәдени-экономикалық дамуы жағынан тоқтап қалғандықтан, оны қайта жандандыру жұмыстарын жүргізу жайлы айтқан болатын. Мысалы, 1921 жылы бірқатар мектептер ашу көзделген, соған байланысты мектеп кадрларын дайындау үшін 1921 жылдың бірінші жартысында әрбір уездер мен аудандарда (4 айлық) қысқа мерзімді педагогикалық курстар ашылған. Бірақ көптеген мектептердің терезелері, есіктері болмай, ал мектеп жасындағы балалар мектепке киетін аяқ-киімдері болмағандықтан, Халық ағарту комиссариаты 10 000 терезеге әйнек, 100 000 киімдер мен аяқ-киімдер жиынтығымен қамтамасыз еткен (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 74-іс. 6-п.). Аз уақыт ішінде республикада 1 сатылы мектептер ашылып, әр түрлі салада білім беру қолға алынған болатын. Бірақ бұл бастамалардың барлығы арнайы оқытушылардың жетіспеушілігінен, олардың материалдық қамтамасыз етілмеуінен, елдегі саяси, экономикалық, ашаршылық салдарынан және т.б. кедергілердің арқасында басталған жұмыстар аяқсыз тоқтап, білім беру жүйесіне кері әсерін тигізген еді.

XX ғасырдың бірінші ширегінде сауатсыздықты жоюға байланысты арнайы Орталық төтенше комиссия құрылып, жоғарыда айтылғандай жұмыстар атқарылған. Қазақстандағы сауатсыздықты жоюда орта, кәсіби техникалық, жалпы білім беру, кадрларды даярлау, ғылыми-зерттеу ғимараттардың, кітапхана, музейлердің қызметін жандандыру бірге жүрген. Мысалы, әрбір ауылдарда мектеп жасындағы балаларға ғана емес, халыққа да қызмет ете алатын кітапханалар, халық үйлері, клубтар және т.б. ашылған.

Бүкіл еліміздегі тәрізді Кеңестік Қазақстандағы кітапхана ісінің дамуына 1920 жылы 3 қарашада В.И. Ленин қол қойған РКФСР Халық комиссарлар Кеңесінің «РКФСР-дағы кітапхана ісін орталықтандыру» туралы декретінің үлкен маңызы болды. Осы тарихи құжаттың негізінде ҚазАКСР Халық комиссарлар Кеңесі 1921 жылы 19 сәуірде қабылдаған «ҚазАКСР-дегі кітапхана ісін орталықтандыру туралы» декретінде «Халық ағарту комиссариаты жүйесіндегі барлық кітапханалар мен басқа ведомстволар, мекемелер және қоғамдық ұйымдардың барлық кітапханаларының бәрі де көпшілікке бірдей қызмет ететін бірыңғай кітапхана желісіне бірігіп, республиканың саяси-ағарту Бас комитетінің және оның жергілікті жердегі органдарының қарамағына беріледі» - деп жазылады (Дәулетова, Нұрахметова, 1994: 34)

XX ғасырдың 20-шы жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне тигізген оң әсерлерінің бірі кітапхана жұмысының жүйеленуі. Революцияға дейін Қазақстанда 139 кітапхана болды, оның жалпы қоры 98 мың кітап болды. Азамат соғысына, ашаршылыққа байланысты олардың саны күрт азайды. 1921 жылы сәуірде Қазақстан үкіметі республикада кітапхана ісін орталықтандыру және кітапхана коллекторын құру туралы қаулы қабылдады .

Билік алмасуынан кейін Орынбор қаласында орналасқан кітапханалар қараусыз қалды. Тіпті кітаптардың ұрлану жайттары да кездескен. Халыққа білім беру бөлімінің кітапханашысы С.М. Петровтың мәлімдеуінше, қызыл әскердің Ташкент сияқты басқа қалаларға ауыстырылған басшылары өздерімен бірге кітап алып кетуге тырысатын. Нәтижесінде барлық картографиялық материал жоғалып, Орта Азия туралы құнды монографиялар қолды болып кеткен (Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі..., 2022: 112). КССР-дағы кітапхана ісінің жағдайын сипаттайтын болсақ, көптеген губернияларда кітапхана ісі нашар жағдайда болған еді. Оған атап айтар болсақ, оқытылған жұмыскерлердің болмауы, кітапхана үшін керекті орындардың, жарықтың болмауы, қысқы уақыттарда жылу болмай, кітапхана бөлмелерінің суық болуы сияқты себептер әсер еткен. Ал, Қазақстанды зерттеу қоғамы құрылғаннан кейін кітаптардың көпшілігі жиналып, кемшіліктері болғанмен де біршама ретке келтірілген.

Қазақстанды зерттеу қоғамы 1920 жылдары еліміздің әртүрлі аймақтарында кітапханалар құруға және ұйымдастыруға айтарлықтай күш салды. Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, тіліне назар аудара отырып, халық кітапханалары, ұлттық кітап қорлары, мамандандырылған кітапханалар құрылды. Бұл Қазақстандағы білім мен мәдени құндылықтарға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазақстанды зерттеу қоғамы кітапханалардың ұйымдастырып, кітапханадағы кітаптарды жүйелі түрде ретке келтіру 1923 жылдың 1 шілдесінен басталған. Бұған дейін кітапханадағы кітаптар бір жерден екінші жерге көшіріліп, бір жүйелілік болмағандықтан әр жерде шашылып, жыртылып жатқан болатын. Кітаптардың негізгі қорын Орынбордағы Ресей географиялық қоғамы; Орынбор Ғылыми архив комиссиясы; Археология Институтының Орынбор бөлімшесі кітапханасының кітаптары құрады (ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 17-і. 13-п.).

Кітаптар негізгі он бөлімге бөлінген. Ескі кітаптар жеке қойылған; шетел кітаптары тіліне қарай бөлек топқа бөлінген (ағылшын, француз және неміс тіліндегі кітаптар бөлек, басқа тілдердегі кітаптар бөлек жиналған). Қазақстанды зерттеу қоғамының атқарған маңызды міндеттерінің бірі кітапханалар үшін кітап қорын қалыптастыру болды. Түрлі тақырыптар, соның ішінде тарих, әдебиет, ғылым және мәдениет бойынша кітаптарды жинақтау және сатып алу белсенді жүргізілді. Осылайша кітапхана қорын дамыту мен байытуға негіз жасалды.

Бөлімдерге бөлініп, белгілі бір жүйеге, тәртіпке келтірілген кітаптардың саны төмендегідей (ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 17-іс. 13, 14-пп.):

| Бөлімдер бойынша           | Кітаптар саны (томдар бойынша) |
|----------------------------|--------------------------------|
| 0. Жалпы бөлім бойынша     | 2938 том                       |
| 2. Дін бөлімі бойынша      | 975 том                        |
| 5. Нақты ғылымдар бойынша  | 2261 том                       |
| 9. Тарих ғылымдары бойынша | 1915 том                       |
| 91. География              | 800 том                        |
| 92. Биография              | 23 том                         |
| Барлығы                    | 8912 том                       |

Кітапхана ісін ұйымдастыру кезеңінде алдыда кітапханамен жекелеген тұлғалармен қатар, қоғамдық ұйымдар мен олардың өкілдері пайдалана алатындай кітаптарды өңдеу бағытында жұмыстар атқарылды.

Барлық аудандар үшін әдебиеттермен қамтамасыз етуді ретке келтіру және қызмет ету мақсатында кітапханалар келесідей түрлерге бөлінген:

а) Әрбір губерния мен уездік қалаларда ұйымдастырылған және барлық алынған кітаптарды қамтитын қалалық, орталық кітапханалар;

б) Орталық кітапханалардың филиалдары болып табылатын және қалалық аудандарға қызмет ететін қалалық және аудандық кітапханалар;

в) Ауылдық аудандарға қызмет ететін және жылжымалы ауылдық кітапханалардың негізі болып табылатын болыстық кітапханалар;

г) ауылдағы ағартушылықтың алғашқы ұяшықтары болып табылатын және әрбір елді мекенде ұйымдастырылатын халық үйлері;

д) жеке ұйымдастырылған халық тобына қызмет ететін және болыстар мен аудандарға тіркелген жылжымалы кітапханалар. (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 216-іс. 57-58-п.)

1-кесте. 1921 жылдың аяғына қарай қызмет көрсетіп отырған кітапханалар (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 220-іс. 23-п.)

| Кітапханалар саны |                 |                  |          |                        |         |
|-------------------|-----------------|------------------|----------|------------------------|---------|
| Губерния ағаулары | Қалалық Орталық | Қалалық аудандық | Болыстық | Халық үйлері тұсындағы | Барлығы |
| Орынбор           | 8               | 21               | 62       | 291                    | 382     |
| Ақтөбе            | 1               | 2/1              | 5/1      | 3/1                    | 11/32   |
| Қостанай          | 2/1             | 7/3              | 38/6     | 296                    | 343/10  |

|           |     |      |     |        |        |
|-----------|-----|------|-----|--------|--------|
| Семей     | 6/1 | 13/5 | 58  | 126/5  | 203/11 |
| Ақмола    | 4   | 25/6 | 54  | 170/30 | 253/36 |
| Орал      | 5   | 16   | 4   | 41     | 66     |
| Бөкей     | 1   | -    | 3   | -      | 4      |
| Адай уезі | 1   | 3    | 3   | -      | 7      |
| Барлығы   | 30  | 102  | 234 | 963    | 1329   |

Қалалық Орталық кітапханалар әрбір қалада бар. Қалалық аудандық кітапханалар тек ірі қалаларда ғана бар. Ал болыстық болса әр болысқа біреуден деп есептелінген. Бөлшекпен орыс және қазақ халықтары кітапханаларының саны көрсетілген. Кестеден байқағанымыздай, қазақ халқына арналған кітапханалардың аздығы.

1921 жылдың соңында республикада барлық типтік және ведомстволық кітапханалар саны 662-жетті, оның ішінде 420-көпшілік кітапхана болса, соның 111-қалаларда, 309-болыстық орталықтар мен селоларда орналасқан еді. Село тұрғындары мұнымен қатар шағын кітапханалары бар 1256 оқу үйінен кітаптар алып тұрды (Дәулетова, Нұрахметова, 1994: 38)

«Талап» қоғамы құрған кітапхана келесі бөлімдерден тұрған:

1. Анықтамалық
2. Географиялық
3. Жаратылыстану тарихы
4. Этнографиялық
5. Материалдық және рухани мәдениет тарихының тараулары бар тарихи
6. Филологиялық
7. Әдебиет тарихы
8. Қоғамдық тарихи
9. Ғылыми педагогикалық

Осындай кітапхана ұйымдастыруға 1 жылға 8871 рубль алтын немесе 203.145 рубль және 9 тиын ақшалай қажет (ҚР ОМА. 693-к. 1-т. 18-іс. 1-2 пп.). Сондай-ақ «Талап» қоғамы кітапхана құруда әдебиеттермен танысып оқу үшін оқу залын қамтамасыз етуге де көңіл бөлген.

Кітапхана ісінің негізгі мәселелерінің бірі – кітапханаларды кітаппен қамтамасыз ету болды. Осыған байланысты кітапхана бөлімі өзінің алғашқы күндерінен бастап барлық кітап қорын орталықтандыру қажет деп санай отырып, белгілі бір ұстанымға ие болды. Алайда, жоғары тұрған инстанциялар мен басшы тұлғалар осы саладағы кітапхана бөлімінің ұсынысын мүмкін емес деп тапты, нәтижесінде кітапханаларды әдебиетпен қамтамасыз ету ісі бірқатар қайта құрулардан өтіп жатты.

Әсіресе, қазақ тұрғындарына ана тілінде қызмет ететін арнайы кітапханалар ұйымдастыру жөнінде нұсқаулар беріліп тұрғанымен олардың саны іс жүзінде өте аз болды. Оның басты себебі, қазақ тіліндегі әдебиеттің тым аздығы болатын. 1922 жылы 1 қаңтарда республикада небары 30 тұрақты және 30 көшпелі қазақ кітапханалары болды. Оның өзіндегі әдебиеттің басым көпшілігі

татар тілінде болғандықтан көбіне «мұсылман» кітапханалары деп аталатын (Дәулетова, Нұрахметова, 1994: 38).

«Аз ұлттар білім беру бөлімшесінің татар-қазақ секциясы» осыған байланысты Қазан мен Уфа қалаларынан оқулықтар мен әдебиеттер алдырады. Бірақ оларды қазақ мектептерінде пайдалану мазмұны мен орфографиясы жағынан қиындықтар туғызды. Татар-қазақ секциясы Қазақ Ағарту халық комиссариатымен байланыс орнатып, Қазақстан тарапы 1921 жылдың басында қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуге уәде береді. Дегенмен, қазақ мектептерінің қиын жағдайын ескере отырып, татар-қазақ секциясы әр қазақ мектебіне мұғалімдерге арналған нұсқаулық ретінде бір-бір татар оқулығынан жіберді. Сатып алынған және жіберілген оқулықтар мен әдебиеттердің саны келесі кестеде көрсетілген (Қазақстандағы оқу ағарту жүйесі..., 2022: 144–145):

| Қабылданған   | Оқулықтар | Әдебиеттер | Барлығы |
|---------------|-----------|------------|---------|
| Татар тілінде | 29.564    | 18.820     | 42.384  |
| Қазақ тілінде | 1000      | 34.798     | 35.793  |
| Барлығы       | 30.564    | 47.613     | 78.177  |

«Талап» қоғамы кітапхана-оқу залынан бөлек, қырғыз тіліне үкіметтің қаулылары мен өкімдерін де, партиялық және ведомстволық әдебиеттердің де аудармаларын жақсарту үшін арнайы аудармашылар бюросын ұйымдастыруды өз мойнына алған. Өкінішке орай, қырғыз (қазақ) мектебіне аса қажетті бұл оқу құралдарын шығаруға Халық Комиссарлар Кеңесі тарапынан қаржы бөлінбегендіктен, олар басылып шығарыла қоймады (ҚР ОМА. 693-қ. 1- т. 7-іс. 4-5 пп.).

Қазіргі ғылыми ойдың қажеттіліктерін қанағаттандыратын негізгі кітапхана өзегін жасау үшін кем дегенде 2500 том қажет болады және бұл негізгі және мұқият таңдалған қор жыл сайын шамамен 200 томға кеңейтілуі керек. Сонымен қатар, кітапхана тиісті журналдар мен газеттерді шығарып алуды қамтамасыз етуі керек болған.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстан кітапханалары өңірдегі білім мен мәдениеттің маңызды өзегі рөлін атқарғанын атап өтуге болады. Олар білім мен ақпарат көзі ғана емес, мәдени мұраны сақтау мен жеткізу орталықтары болды.

Кітапханалар оқу материалдары мен ғылыми дереккөздерге қолжетімділікті қамтамасыз етіп, білім саласының дамуына үлес қосты, бұл халықтың білім деңгейін көтерді. Олар адамдардың өзін-өзі тәрбиелеуі мен тұлғалық дамуына, ой-өрісі мен танымдық мүмкіндіктерінің кеңеюіне де үлес қосты.

Кітапханалардың мәдени маңызы Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және насихаттау болды. Олар ұлттық бірегейлік пен мәдени өзіндік сананы нығайтуға ықпал еткен бірегей тарихи құжаттардың, өлке халықтарының ана тілдеріндегі әдебиеттердің қоймасы болды.



XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстанның білім беру саласындағы кітапханалардың рөлі баға жетпес болды, қоғамның интеллектуалдық және мәдени дамуына, сонымен қатар оның тарихи-мәдени құндылықтарының сақталуына әсер етті.

### ДЕРЕККӨЗДЕР

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президент архиві

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Асанова (2010). Қазақстандағы кітапхана ісінің даму тарихы (1920-1960 жж.): Тарих ғылымд. Канд. Ғылыми дәр. Алу үшін дайынд. Дис. – Алматы, 2010. – 30 б.

Ахметова (1982). *Ахметова С.Ш.* Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1982. 168 с.

Галиев В.З. (1998). Библиотечное дело в Казахстане /вторая половина XIX – начало XX веков/. – Алматы, 1998. – 139 с.

Дәулетова Н., Нұрахметова К. (1994). Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы. – Алматы»Білім», 1994. – 88 б.

Козыбаев М.К. (1990). Создание научно-исторических центров в Казахстане, формирование кадров историков-марксистов. В кн.: Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.): Очерки становления и развития. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 272 (с.10);

Культурное строительство (1965). *Культурное строительство* в Казахстане (1918–1932 гг.) Сборник документов и материалов. / Сост.: М.А. Абдулкадырова, С.С. Голубятников, А.Г. Кукушкина и др. Алма-Ата: Казахстан, 1965. 300 с.

Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі (2022). тарихы мен тағылымы (1920–1930 жылдар) Ұжымдық монография. [Авт.: А.Т. Қайпбаева, О.Х. Мұхатова, А.М. Әбікей т.б.]. / Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. 320 б.

Сүлейменов Р.Б., Бисенов Х.И. (1967). Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов (История строительства советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг.) – Алма-Ата, 1967. – 415 с.

### SOURCES

Central state archive of the Republic of Kazakhstan

Archive of the president of the Republic of Kazakhstan

### REFERENCE

Asanova B.S. (2010). Kazakstandagy kitaphana isinin damu tarihy (1920-1960 zhzh.) [History of the development of librarianship in Kazakhstan (1920–1960.): Tarih gylymd. kand. gylymi dar. alu ushin daiynd. dis. – Almaty, 2010. – 30 p. [In Kaz.]

Ahmetova S.Sh. (1982). Istoricheskoe kraevedenie v Kazahstane [Historical revival in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazahstan, 1982. 168 p. [In Rus.]

Galiev V.Z. (1998). Bibliotechnoe delo v Kazahstane /vtoraja polovina XIX – nachalo XX vekov/ [Bibliotechnical work in Kazakhstan /the second half of the XIX-beginning of the XX century/]. – Almaty, 1998. – 139 p. [In Rus.]

Dauletova N., Nurahmetova K. (1994). Kazakstandagy kitaphana isinin tarihy [History of librarianship in Kazakhstan]. – Almaty «Bilim», 1994. – 88 p. [In Kaz.]

Kozybaev M.K (1990). Sozdanie nauchno-istoricheskikh centrov v Kazahstane, formirovanie kadrov istorikov-marksistov [Creation of scientific and historical centers in Kazakhstan, formation of personnel of history-Marxists]. V kn.: Istoricheskaya nauka Sovetskogo Kazahstana (1917-1960 gg.): Ocherki stanovleniya i razvitiya. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – p.272 (p.10); [In Rus.]

Kul'turnoe stroitel'stvo (1965). Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazahstane (1918–1932 gg.) Sbornik

dokumentov i materialov [cultural construction in Kazakhstan (1918–1932 GG.) Documents and materials]. / Sost.: M.A. Abdulkadyrova, S.S. Golubjatnikov, A.G. Kukushkina i dr. Alma-Ata: Kazakhstan, 1965. 300 p. [In Rus.]

Kazakstandagy oku-agartu zhuiesi (2022). Kazakstandagy oku-agartu zhuiesi: tarihy men tagylymy (1920-1930 zhyldar) Uzhyndyk monografiya [Educational system in Kazakhstan: history and lessons (1920-1930) collective monograph.]. [Avt.: A.T. Kaipbaeva, O.Kh. Muhatova, A.M. Abikei t.b.]. / Almaty: «Madiyar» ZhK, 2022. 320 p. [In Kaz.]

Suleimenov R.B., Bisenov H.I. (1967). Socialisticheskie put' kul'turnogo progressa otstalyh narodov (Istoriya stroitel'stva sovetskoi kul'tury Kazahstana. 1917–1965) [Socialist way of cultural progress of retired people (History of construction of Soviet culture of Kazakhstan. 1917-1965)]– Alma-Ata, 1967. – 415 p. [In Rus.]

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 4. Number 404 (2023), 179-196  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.544>

© K. Kabylbek\*, J.B. Childibayev, 2023

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: kulshash3282@gmail.com

## METHODOLOGY OF ACTION RESEARCH IN IMPROVING THE ENVIRONMENTAL FUNCTIONAL LITERACY OF HIGH SCHOOL STUDENTS

**Kabylbek. K**— PhD student, Institute of Natural Sciences and Geography, Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

<https://orcid.org/0009-0000-4003-0966>;

**J.B. Childibayev** — professor , Institute of Natural Sciences and Geography, Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

<https://orcid.org/0000-0002-6986-577X>.

**Abstract.** One of the most basic ways to protect the environment is to teach students environmental knowledge and awareness from an early age. It is very important to educate them to protect nature, use natural resources effectively, and develop a high level of environmental literacy in their living environment and workplace. In this regard, one of the main criteria for successful education must be environmental literacy. In a civilized society, the main task of all educational institutions, e.g. preschool and secondary schools, is to educate an adapted person who can meet the requirements of modern society. The article examines the formation of self-confidence and the ability to move from research to action in students trained on the basis of the program. The main principles of the proposed teaching methodology will increase the knowledge of students by providing guidance to the analysis of deepening their knowledge in a socially critical sense. In addition, the impact of developing students' critical thinking skills on their educational level was discussed. In conclusion, a methodological system was proposed that allows children to freely express their thoughts and opinions, and develops critical thinking skills that contribute to increasing their ecological functional competence.

**Keywords:** environmental knowledge; environmental literacy; critical thinking; environmental education

© **К. Кабылбек\***, **Ж.Б. Шілдебаев, 2023**  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.  
E-mail: kulshash3282@gmail.com

## **ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРАУДА ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Кабылбек Кулшаш** — PhD Докторанты. Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан  
<https://orcid.org/0009-0000-4003-0966>;

**Шілдебаев Ж.Б.** — Педагогика ғылымдарының докторы, Профессор. Алматы, Қазақстан  
<https://orcid.org/0000-0002-6986-577X>.

**Абстракт.** Қоршаған ортаны қорғаудың ең негізгі жолдарының бірі — оқушыларға ерте жастан экологиялық білім мен санаға үйрету. Олардың өмір сүретін ортасы мен жұмыс орнында табиғатты қорғауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, экологиялық сауаттылығын жоғары деңгейде қалыптастыруға тәрбиелеу өте маңызды. Табысты білім берудің басты өлшемдерінің бірі экологиялық сауаттылық болуы тиіс. Өркениетті қоғамда барлық білім беру мекемелерінің, мысалы, мектепке дейінгі және орта мектептердің басты міндеті-қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін бейімделген адамды тәрбиелеу. Мақалада өзіне деген сенімділікті қалыптастыру және бағдарлама негізінде оқитын студенттердің зерттеуден іс-әрекетке өту қабілеті қарастырылады. Ұсынылған оқыту әдістемесінің негізгі принциптері студенттердің білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді, олардың білімдерін әлеуметтік сыни мағынада тереңдетуді талдау бойынша ұсыныстар береді. Сонымен қатар, студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытудың олардың білім деңгейіне әсері талқыланды. Қорытындылай келе, балаларға өз ойлары мен пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік беретін және олардың экологиялық функционалдық құзыреттілігін арттыруға ықпал ететін сыни ойлау дағдыларын дамытатын әдістемелік жүйе ұсынылды.

**Түйін сөздер :** функционалдық сауаттылық, іс-әрекетті зерттеу, экологиялық мәдениет

© **К. Кабылбек, Ж.Б. Чилдибаев, 2023**  
КазНПУ имени Абая, Алматы, Қазақстан.  
E-mail: kulshash3282@gmail.com

## **МЕТОДИКА ИССЛЕДОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ПОВЫШЕНИЮ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТАРШЕ КЛАССНИКОВ**

**Кабылбек Кулшаш** — докторант PhD. КазНПУ имени Абая. Алматы, Қазақстан  
<https://orcid.org/0009-0000-4003-0966>;

**Чилдибаев Ж.Б.** — Доктор педагогических наук. КазНПУ имени Абая. Алматы, Казакстан  
<https://orcid.org/0000-0002-6986-577X>.

**Аннотация.** Одним из основных способов защиты окружающей среды является обучение учащихся экологическому образованию и сознанию в раннем возрасте. Очень важно воспитывать в среде их обитания и на рабочем месте охрану природы, эффективное использование природных ресурсов, формирование экологической грамотности на высоком уровне. Одним из главных критериев успешного образования должна стать экологическая грамотность. В цивилизованном обществе главной задачей всех образовательных учреждений, например, дошкольного образования и средних школ, является воспитание адаптированного человека, соответствующего требованиям современного общества. В статье рассматривается формирование уверенности в себе и способности студентов, обучающихся на основе программы, переходить от исследования к деятельности. Основные принципы предложенной методики обучения позволяют расширить знания учащихся, дать рекомендации по анализу углубления их знаний в социально-критическом смысле. Кроме того, обсуждалось влияние развития навыков критического мышления студентов на уровень их образования. В заключение была предложена методическая система, которая позволяет свободно выражать свои мысли и мнения и развивает навыки критического мышления, которые способствуют повышению экологической функциональной компетентности.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, исследование деятельности, экологическая культура

### **Introduction**

The main environmental problems of Kazakhstan are increasing year by year, for example, the rate of mining and processing of minerals is increasing, releasing millions of tons of waste, of which pollution of water and air is increasing year by year (Khamzina, 2022; Abdiyev, 2022; Nueraji, 2023). The pollution index of air also exceeds the permissible level. East Kazakhstan, Karaganda and Pavlodar are among the most polluted cities (Assanov, 2021; Kerimray, 2020). Therefore, our main goal should be to protect the environment to reduce the risk of damage.

Nowadays, many works are focused on solving environmental problems. One of the most basic ways to protect the environment is to teach environmental knowledge and awareness to students from an early age. Incorporating environmental awareness into educational programs is being implemented in all countries. For example, according to a study, 94 countries in the world are considering including environmental topics in educational programs (UNESCO, 2021; Holst, 2020; Zguir, 2021; Laurie, 2016). The United Nations has published a series of policy papers with instructions for the implementation of Education for Sustainable Development (ESD) at the country level (Michelsen, 2017, Jones, 2019). The recommendations from ESD have influenced education policy in a number of countries around the world.

School is a crucial place for the development of environmental education, which should begin in early childhood and continue throughout life in the form of pedagogical approaches that promote dialogue, critical thinking, and the development of functional literacy. A number of studies have been conducted in various countries to introduce environmental education in schools (Misiaszek, 2011; Cracolici, 2010). Research findings show that environmental illiteracy hinders development and slows progress, making it difficult to achieve environmental sustainability in an illiterate society (Stevenson, 2013; Ogunbiyi, 2010). Therefore, a solid education is necessary to spread environmental stewardship. Environmental education enables individuals to know themselves and become aware of their actions that are detrimental to the survival of the environment. In particular, functional literacy must enable adult beneficiaries to meet the socioeconomic demands of the community through meaningful participation in productive activities. Functional literacy, according to Nzeneri, is a socioeconomic or work-oriented literacy curriculum (Dewitt, 2016). The meaning of functional literacy includes the content, mode of delivery, and implementation of acquired information and skills. Interestingly, the benefits of functional literacy include the application of the acquired information and skills in a way that improves the lives of people in society.

Currently, this functional literacy is widely used in the country to help students become well-rounded individuals and develop critical thinking skills. As a method to develop students' environmental literacy, it is used in the process of action research and the results are discussed. In addition, the effectiveness of this action research model and its influence on the development of students' environmental awareness, responsibility for nature and critical consciousness are studied.


#### **Research methods and materials.**

Research material is collected and analyzed by conducting various projects with students. The study was conducted as part of an environmental education elective course. The students of Al-Farabi Specialized School (Almaty, Kazakhstan) were participated in the research. A total of 100 students from 8<sup>th</sup> to 9<sup>th</sup> grade. 50 students were selected from 8<sup>th</sup> grade, 25 girls and 25 boys, and 50 students from 9<sup>th</sup> grade. 50 students from 8<sup>th</sup> and 9<sup>th</sup> grades were trained as part of the research group based on the basis of the ecological program aimed at improving the ecological literacy. The remaining 50 students were taken as the control group, who were taught according to the traditional teaching format. The study consists of the planning, implementation, and evaluation sections. The children were informed about the purpose, content, and learning activities. In addition, the students who participated in this program were first interviewed with a questionnaire and their willingness to participate in the program was determined. The curriculum of this course considers ethical issues (privacy, safety of children, including their physical, emotional, and mental safety).

Action research is an ideal method for environmental education. It allows us to give children an opportunity to form their opinions about the environment and society.

Research aimed at improving students' environmental literacy is conducted in the following 4 main steps (Figure 1).

- Needs assessment
- Preparation of an action research model program
- Move to action
- Feedback



*Fig 1 - Study design scheme  
Step 1: Needs assessment*

Prior to the research, our main goal was to determine students' environmental knowledge and to determine their attitudes toward solving environmental problems. Therefore, research projects were conducted in the following two directions (A, B).

*Part A* was to determine the environmental knowledge of all students before the study. For example, online surveys were conducted using the Google Forms program and the students' responses were analyzed. These tests contain 30 questions. The correct answer to each question is scored 1 point. The maximum score was 30 points. A survey was sent to 100 students aged 13-14 who participated in the study, and the results of the students in the research group and the control group were analyzed. Interviews with science teachers were also conducted to check the reliability of the student responses.

*In Part B*, a survey was conducted on 3 questions to determine students' attitudes and activity toward solving environmental problems and to determine their critical thinking skills through their interest. For example:

First question: do you feel responsible for solving environmental problems?

Second question: are you concerned about environmental degradation in the schoolyard?

Third question: how confident are you that environmental problems will be solved in the future? Students' responses to the questions asked were based on a scale of positive or negative attitude.

*Step 2: Preparation of the action research model.*

In developing the environmental literacy program for the students in the research group, the following steps were taken. (1) Determining the topic to be taught in the program. (2) Implementing a program based on the high school curriculum according to the standards. (3) Creating projects based on the action research model (4) Student feedback.

*Step 3: Taking action*

Action research is an ideal method in environmental education. It allows us to give children the opportunity to form their opinions about the environment and society. The conversation was the first step to approach the main problems. It lasted about 3 weeks. In this first round, the children participated in a storytelling contest. The students shared their opinions on the following questions.

what places in the city of Almaty do you like and what places do you dislike?  
Why?

How do you imagine Almaty in 20 years?

what changes would you like to see in Almaty?

In this discussion phase, the research groups exchanged opinions, gave each other feedback and shared the best ideas.

*In the second round*, the children were asked to photograph the nature in which they live. Simple cameras were used to take photographs. The children photographed their favorite places, the places they disliked, and the places they thought were the best (photo 1 and 2) Afterwards, the children were asked to write down why they took these pictures and what they wanted to show with them. *The third step* was group work. The children were active in the group and participated in an different activity like project work, modeling (Photograph 3 and 4) discussion and poster presentation that lasted about a month. The main question during this time was: when children make decisions and act, how do they influence the environment?

During this time, a group of children enacted scenes of the city that they recognized as good and bad. In this process they began to collaborate and support each other. They performed dramas with educational value and defined their goals. They described the meaning of their actions.

After completing each activity, the children were asked to write an essay expressing their ideas about their perceptions, feelings, and experiences with the environment. The first stage of the educational program – discussion was successfully completed, and the children's main ideas began to emerge. They developed a deep understanding of their environment, felt what they wanted to change and what could be improved. At this stage, students in the research group will improve their knowledge through various projects in the research, such as the study of the problems in the school environment, problems in urban ecology, model making and poster presentation.

*Step 4 feedback (Reflection)*

The content of the program was evaluated based on students' attitudes toward the program and their feedback. Student feedback was based on the following questions:

- To what extent does the action research model impact the improvement of students' ecological action skills in the research group?



- To what extent does the action research model affect students' attitudes toward solving environmental problems?

- Can the action research model reveal the level of students' ecological functional competence?

The post-research effect of the students who participated in the research, their attitude to the research program, and the knowledge and experience they gained during this period are determined by the following methods. For example, in order to check the theoretical knowledge of the students, multiple choice questions are given and the analysis is made based on the answers of the students. At the same time, with the aim of showing positive aspects of students' attitude towards the environment, 10 questions were asked and their attitude towards the various environmental problems was determined by answering "Yes" or "No". The effectiveness of the action research program, which lasted for almost 3 months, and the feelings and concerns of the students during the research were shown by filling in the reflection sheet "My feeling about environmental education".

Based on these research questions, the research hypothesis was formulated and established:

**Null hypothesis:** there are no obvious differences in the formation of environmental knowledge between the control group and the studied group (which was trained based on the action research program).

**Alternative hypothesis:** there is a clear difference between the studied group (the group trained on the basis of the action research program) and the control group. That is, there is no doubt that the action research program influences the formation of environmental culture and knowledge.

*Statistical analysis.*

The following methods were chosen to analyze the research results. The comparison of students' environmental knowledge before and after the study is calculated and compared using the T-test formula.

$$t = \frac{\bar{x}_1 - \bar{x}_2}{\sqrt{\frac{(S_1)^2}{n_1} + \frac{(S_2)^2}{n_2}}} \quad SD = \sqrt{\frac{\sum(x - \bar{x})^2}{N-1}}$$

Where:

t = student T test

$\sum$  = sum of

SD = standard deviation

X = individual values in set of data

$X_1$  = the mean experimental group

$X_2$  = the mean control group

$S_1$  = standard deviation experimental group

$S_2$  = standard deviation control group

$n_1$  = number of experimental group students

$n_2$  = number of control group students

N – total number of students.

The pre- and post-research results of students in the control group and the research group were calculated in Microsoft Excel on the basis of the T-student formula.

If Chi Squared Value  $\leq$  the value for 0.05 probability, you can not reject the null hypothesis.

If Chi Squared Value  $>$  value for 0.05 probability, you can reject the null hypothesis.

**Research results**

*Needs assessment period*

To check students' environmental knowledge before the study, the data analysis method T-test was used to analyze students' answers to 30 questions about environmental issues.

*A Direction* The table below shows the indicators of environmental knowledge of the students in the control group and the research group before the study according to the T-statistical analysis.

Table 1 - Comparison between the pre-test scores of the control group and experimental group.

| Group        | N  | Mean pre-test | Mean difference | T     | p-value | remembers       |
|--------------|----|---------------|-----------------|-------|---------|-----------------|
| Control      | 50 | 10,42         | 0,56            | -1,49 | 0,13    | Not significant |
| Experimental | 50 | 10,98         | 0,56            | -1,49 | 0,13    |                 |

(Table 1) shows that the calculated p value (0.13) was greater than the alpha value of 0.05. The pretest means of the experimental group and the control group were not significantly different at the alpha level of 0.05 ( $t(98) = -1.49, p = 0.13$ ). The magnitude of the mean differences (mean difference = -0.56) with an effect size of 0.3 means that the means of the two groups differed by only one-third of a standard deviation. This is considered a small effect size. Taken together, this indicates that the groups were classified as similar in the measurement of the environmental awareness achievement test and had comparable characteristics, i.e., they were homogeneous. Therefore, null hypothesis which states that there is no main difference concepts, should be accepted (Demir, 2021; Bainbridge, 2015).

persons aged from 50 to 59 years and miners with work experience up to 1 year and from 13 to 15 years, the most frequent injuries occur at night and in the evening and in the cold period of the year. Statistical analysis of industrial injuries was carried out within the framework of implementation of scientific and technical program IRN BR18674262 «System modeling of the processes of formation and implementation of statistical observations on the state of labor protection in the Republic of Kazakhstan». The received results of statistical analysis of accidents will allow to carry out forecasting of industrial traumatism and management of professional risks on coal mines.

**Keywords:** industrial traumatism, coal mines, frequency coefficient, severity coefficient, age, length of service, time of day, time of year

© Ш.К. Абикенова<sup>1</sup>, Ш.Т. Айтимова<sup>1\*</sup>, Г.С. Саттарова<sup>2</sup>,  
А.Б. Бекмагамбетов<sup>1</sup>, Ә.Е. Төлепов<sup>3</sup>, 2023

<sup>1</sup>«Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК;

<sup>2</sup>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» ҰАҚ;

<sup>3</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан университеті.

E-mail: aitimova\_80@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨМІР ШАХТАЛАРЫНДА БОЛҒАН ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

**Абикенова Ш.К.** — физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК бас директоры. Астана, Қазақстан

E-mail: Rniiot@rniiot.kz, orcid.org/ 0000-0003-0665-15521;

**Айтимова Ш.Т.** — экономика ғылымдарының магистрі. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК статистика секторының басшысы. Астана, Қазақстан

E-mail: aitimova\_80@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6736-10605>;

**Саттарова Г.С.** — техника ғылымдарының кандидаты, доцент. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» ҰАҚ. Кеніш аэрологиясы және еңбекті қорғау кафедрасы. Қарағанды, Қазақстан

E-mail: satarovags@mail.ru, orsid.org/0000-0002-9764-23112;

**Бекмагамбетов А.Б.** — заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары. Астана, Қазақстан

E-mail: adilet1979@mail.ru, orcid.org/0000-0002-2033-36254;

**Төлепов Ә.Е.** — экономика бойынша философия докторы (PhD), аға оқытушы. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. Орал, Қазақстан

E-mail: adil-tulepov@mail.ru, orcid.org/0000-0001-9961-5088.

**Аннотация.** Мақалада Қазақстанның көмір шахталарында 13 жылдық кезеңде (2007–2020 жж.) болған өндірістік жарақаттануды статистикалық талдау нәтижелері келтірілген. Осы өндірістік жарақаттар туралы бастапқы ақпарат түрлері мен себептері, жұмысшылардың жасы мен тәжірибесі және уақыт сипаттамалары бойынша жүйеленген. Жарақаттанудың деңгейі мен ауырлығын талдау және бағалау үшін салыстырмалы көрсеткіштер қолданылды. Жазатайым оқиғалардың түрлері мен себептерін талдау шахталардағы оқиғалардың негізгі себепкері адамның өзі екенін көрсетті. Өндірістік жарақаттанудың статистикалық көрсеткіштерін талдау көрсеткендей, көмір шахталарында жазатайым оқиғалар 50-ден 59 жасқа дейінгі адамдарда және 1 жасқа дейінгі және 13-тен 15 жасқа дейінгі жұмыс тәжірибесі бар кеншілерде жиі кездеседі, көбінесе түнгі және кешкі уақытта және суық мезгілде жарақат алған. Өндірістік жарақаттанудың статистикалық талдауы ЖРН BR18674262 «Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғау жай-күйіне статистикалық байқауларды қалыптастыру және іске асыру процестерін жүйелі модельдеу» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде орындалды. Жазатайым оқиғаларды статистикалық талдаудың алынған нәтижелері өндірістік жарақаттануды болжауды және көмір шахталарында кәсіптік тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** өндірістік жарақаттану, көмір шахталары, жиілік коэффициенті, ауырлық коэффициенті, жасы, еңбек өтілі, тәулік уақыты, жыл мезгілі

© Ш.К. Абикенова<sup>1</sup>, Ш.Т. Айтимова<sup>1\*</sup>, Г.С. Саттарова<sup>2</sup>,  
А.Б. Бекмагамбетов<sup>1</sup>, Ә.Е. Төлепов<sup>3</sup>, 2023

<sup>1</sup>РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан»;

<sup>2</sup>НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова»;

<sup>3</sup>Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова.

## АНАЛИЗ СТАТИСТИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ТРАВМАТИЗМА, ПРОИЗОШЕДШИХ НА УГОЛЬНЫХ ШАХТАХ КАЗАХСТАНА

**Абикенова Ш.К.** — кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор. Генеральный директор РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан». Астана, Казахстан

E-mail: Rniiot@rniiot.kz, orcid.org/ 0000-0003-0665-15521;

**Айтимова Ш.Т.** — магистр экономических наук. Руководитель сектора статистики РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан». Астана, Казахстан

e-mail: aitimova\_80@mail.ru, orcid.org/ 0000-0001-6736-10605;

**Сағтарова Г.С.** — кандидат технических наук, доцент. НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова». кафедр Рудничной аэрологии и охраны труда. Караганда, Казахстан

E-mail: satarovags@mail.ru, orsid.org/0000-0002-9764-23112;

**Бекмагамбетов А.Б.** — кандидат юридических наук, ассоциированный профессор. Заместитель генерального директора РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан». Астана, Казахстан

e-mail: adilet1979@mail.ru, orcid.org/0000-0002-2033-36254;

**Төлепов Ә.Е.** — доктор философии (PhD) по экономике, старший преподаватель. Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова. Орал, Казахстан

E-mail: adil-tulepov@mail.ru, orcid.org/0000-0001-9961-5088.

**Аннотация.** В статье представлены результаты статистического анализа производственного травматизма, произошедшего на угольных шахтах Казахстана за 13-летний период (2007–2020 гг.). Исходная информация по данным производственным травмам была систематизирована по видам и причинам, по возрасту и стажу работника и временным характеристикам. Для анализа и оценки уровня и тяжести травматизма применялись относительные показатели. Анализ видов и причин несчастных случаев показал, что основным виновником происшествий на шахтах оказывался сам человек. Анализ статистических показателей производственного травматизма показал, что несчастные случаи на угольных шахтах чаще происходят с лицами в возрасте от 50 до 59 лет и горняками с опытом работы до 1 года и от 13 до 15 лет, наиболее чаще возникают травмы в ночное и вечернее время суток и в холодный период времени года. Статистический анализ производственного травматизма выполнен в рамках реализации научно-технической программы ИРН BR18674262 «Системное моделирование процессов формирования и реализации статистических наблюдений за состоянием охраны труда в Республике Казахстан». Полученные результаты статистического анализа несчастных случаев позволяют осуществлять прогнозирование производственного травматизма и управление профессиональными рисками на угольных шахтах.

**Ключевые слова:** производственный травматизм, угольные шахты, коэффициент частоты, коэффициент тяжести, возраст, стаж, время суток, время года

### **Кіріспе**

Біздің республикамыздың болашақ экономикалық өсуінің ең маңызды көзі бай ресурстық әлеует болып табылады, ол бүгінде елдің шикізат пен отынға деген ішкі қажеттілігінің негізгі бөлігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар экспорттан түсетін валюталық түсімдердің басым бөлігін қалыптастырады. Қазақстанның жер қойнауында барланған әлемдік пайдалы қазбалар қорының 1/15 бөлігі бар (Мырзалиев, 2011).

Қазақстандағы көмір қоры 34,2 млрд.тоннаны немесе әлемдік қорлардың



4%-ын құрайды. ТМД елдерінің ішінде біздің еліміз көмір қоры бойынша Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында және әлемдік нарықтағы ең ірі көмір өндірушілер мен экспорттаушылардың ондығына кіреді: оның әлемдік көмір өндірудегі үлесі (немесе 74,8 млн.тонна), ал әлемдік экспортта шамамен 3 % құрайды (Ахметжанов және т.б., 2018). Электр энергиясын өндіру кезінде бастапқы энергия тасымалдаушы ретінде көмірдің басымдығын сақтаудың жалпы әлемдік үрдісін ескере отырып, Қазақстанның көмір өндіру мен экспорттаудағы өз позициясын күшейтуге белгілі бір мүмкіндігі бар.

Көріп тұрғанымыздай, елдің тұрақты экономикалық даму стратегиясын құруға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сала ретінде кен өндіру өнеркәсібі республика үшін аса маңызды. Дегенімен, бір жағынан ол ең қауіпті және өткір мәселелі сала болып отыр, өйткені еңбек қауіпсіздігінің, апаттылығының және өндірістік жарақаттанудың жоғары деңгейінің мәселелері қазіргі таңда өте өзектіге айналып отыр. Кен өндіруші кәсіпорындарда зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында бүкіл жұмысшылардың шамамен 25–30 % қамтылған. Кен өндіру өнеркәсібінің үлесіне республика бойынша еңбек қызметі барысында жазатайым оқиғалардың салдарынан барлық зардап шеккендердің 30-дан 50 %-ы тиесілі. Сондықтан көмір шахталарында өндірістік жарақаттану жағдайларын төмендету мәселелері өте өзекті болуда.

#### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Өндірістік жарақаттанудың себептері мен түрлерін талдау үшін 13 жылдық аралықта (2007–2020 жж.) Қарағанды бассейнінің көмір шахталарындағы жазатайым оқиғалар бойынша материал жинақталды. Қарағанды облысы бойынша жазатайым оқиғалар актілері мен ҚР-ның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің аралық есептілігі жан-жақты зерттелді. Қарастырылып отырған кезеңде Қарағандының көмір шахталарында еңбек қызметімен байланысты 634 жазатайым оқиға тіркелді. Жарақаттанудың деңгейі мен ауырлығын бағалау үшін өндірістік жарақаттанудың стандартты салыстырмалы көрсеткіштері — өндірістік жарақаттанудың жиілік пен ауырлық коэффициенттері қолданылды. 1000 жұмысшыға жиілік коэффициенті келесі формула бойынша есептелді:

$$K_{\text{ж}} = \frac{T}{P} * 1000, \quad (1)$$

мұндағы

T – уақыттың белгілі бір кезеңінде зардап шеккендердің жалпы саны, адам;

P – уақыттың белгілі бір кезеңіне жұмысшылардың орта тізімдік саны, адам.

Өндірістік жарақаттанудың ауырлық коэффициенті келесі формула арқылы есептелді:

$$K_{\text{а}} = \frac{D}{N}, \quad (2)$$

мұндағы

D – белгілі бір уақыт кезеңіне еңбекке жарамсыздық күндерінің жалпы саны, күн;

N – белгілі бір уақыт кезеңіне зардап шеккендер саны, адам.

### Нәтижелер мен талқылау

*Жазатайым оқиғалар түрлері мен себептерін талдау қорытындысы.*  
1-кестеде көмір шахталарында өндірістік жарақаттану туралы мәліметтерді статистикалық талдау барысында анықталған жазатайым оқиғаларға әкелген оқиғалардың түрлері келтірілген.

Кесте 1. 2007–2020 жылдары көмір шахталарында жазатайым оқиғаларға әкелген оқиғалар түрлері

| №        | Оқиға түрі   | Зардап шеккендер саны |      |
|----------|--|-----------------------|------|
|          |  | адам                  | %    |
| 1        | Тау массасының құлауы  | 156                   | 24,6 |
| 2        | Жаяу жүрген кезінде адамның биіктен, құрал-жабдыққа құлауы               | 142                   | 22,3 |
| 3        | Машиналардың, құрал-жабдық механизмдерінің қозғалмалы бөліктерінің әсері | 108                   | 17   |
| 4        | Затпен ұру (кинетикалық энергия ықпалының салдарынан)                    | 84                    | 12,1 |
| 5        | Заттардың құлауы   | 62                    | 9,8  |
| 6        | Жол-апаттық оқиғалар   | 26                    | 4,9  |
| 7        | Термиялық күйік  | 19                    | 2,9  |
| 8        | Секірмелі элементтер, заттар   | 13                    | 2,5  |
| 9        | Аяқ-қолдардың құрал-жабдықта қысылып қалуы                               | 12                    | 1,9  |
| 10       | Затпен шаншу   | 7                     | 1,1  |
| 11       | Электр тоғының соғуы   | 5                     | 0,9  |
| Барлығы: |  | 634                   | 100  |

1-кестеде көріп тұрғанымыздай, Қарағанды көмір бассейнінің көмір шахталарында оқиғаның негізі түрі кен және қазу жұмыстарын жүргізу барысында жұмысшыларға тау массасының құлауы болып табылады. Жұмысшылардың жаяу көзғалу кезінде немесе биіктен құлауы да жазатайым оқиғаның жиі кездесетін түрі болып табылады. Жұмысшылардың биіктен құлауы салдарынан жарақаттанудың жоғары деңгейі жеткіліксіз жарықтандыру, материалдарды ұйымдастырылмаған түрде сақтау немесе қауіпті аймақтардың қоршалмауымен байланысты. Содан кейін зардап шеккендер саны бойынша жұмысшыға машиналардың, механизмдердің қозғалмалы бөліктерінің ықпалы орын алуда. Көмір шахталарында негізгі өндірістік процесстер механикаландырылған құрал-жабдықпен жұмыс істеумен тікелей байланысты, осыдан жазатайым оқиғалардың осы түрі бойынша жарақаттанудың жоғарғы деңгейі байқалуда. Зардап шеккендердің аз бөлігі электр тоғының соғуы, затпен шаншу, құрал-жабдықтардың механикаландырылған бөліктерінде аяқ-қолдардың қысылып қалуы себебінен болады.

Өндірістік жарақаттанудың себептері келесі топтарға бөлінген: ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық және психофизиологиялық. 2-кестеде осы топтар бойынша себептердің жіктелуі келтірілген.

Кесте 2. 2007–2020 жылдары Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында болған өндірістік жарақаттанудың себептері.

| Өндірістік жарақаттану себептері | Зардап шеккендер саны |      |
|----------------------------------|-----------------------|------|
|                                  | адам                  | %    |
| Ұйымдастырушылық                 | 536                   | 84,4 |
| Техникалық                       | 61                    | 9,6  |
| Психофизиологиялық               | 28                    | 4,4  |
| Санитарлық-гигиеналық            | 9                     | 1,6  |
| Барлығы                          | 634                   | 100  |

2-кестеде көріп тұрғанымыздай, көмір шахталарында өндірістік жарақаттанудың негізгі себебі ұйымдастырушылық себептер (80 %-дан астам). Бұл себептерге жататындары: көлік пен құрал-жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу, тиеу-түсіру жұмыстарының қанағаттанарлық ұйымдастырылмауы, жұмысшылардың еңбек тәртібін бұзуы, еңбек және демалу режимінің бұзуылуы (қосымша жұмыс уақыты, тоқтап тұру және т.б.), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін бұзу, уақытылы инструктаж жүргізілмеуі, ескерту белгілерінің болмауы, жұмысшының жеке басының абайсыздығы немесе немқұрайлылығы және т.б.

Өндірістік жарақаттанудың техникалық себептеріне жататындар: дизелевоздарда тежегіш жүйелерінің рұқсатсыз іске қосылуы, механикаландырылған бекіткіштің табандары арасында саңылаулардың болуы, қазу машиналарының құраушылық кемшіліктері, ауыр және зиянды жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандырудың жеткіліксіздігі. Психофизиологиялық себептерге физикалық және жүйкелік-психикалық шамадан тыс жүктемесі, шаршауы салдарынан зардап шегушінің қате әрекеттері жатады. Санитарлық – гигиеналық себептерге тау өңдемелерінде улы газдардың және көмір шаңының жоғарғы концентрациясы жатады.

Жазатайым оқиғалардың түрлері мен себептерін талдау оқиғалардың негізгі себепкері ол жұмысшының өзі екенін көрсетті. Жұмысшы бір уақытта қолайсыз жағдай және нақты қауіптерді тудырушы объект ретінде бола тұра, өндірістік үрдістің ұйымдастырушылық-атқарушылық тізімнің ең сенімсіз буыны болуда. Сондықтан еңбек қауіпсіздігін қамсыздандыруда «адами фактор» ерекше рөл атқарады. Адам атқаратын жұмысына өзінің қабілеттері мен дағдыларының сәйкес келмеуі нәтижесінде нақты қауіп-қатерлердің пайда болуының себепкері болады. Адами фактор жұмысшының қабілетсіздігімен, тәжіребесінің немесе жұмыс жасауға қажетті дағдыларының жеткіліксіздігімен байланысты қауіп-қатерге үйренуімен, қауіпсіздік ережелерін елемеумен шартталған және оның жеке басының ерекшеліктерін ескеруге деген ерекше амалдарды қажет етеді.


*Өндірістік жарақаттану көрсеткіштеріне еңбек өтілімінің және жасының ықпалы.* Егер жұмысшының қызметтің белгілі бір түрі бойынша жеткілікті қабілеті мен білімі боламаса, онда ол апаттық жағдайларға әкелетін

кателіктер мен олқы әрекеттер жиі жасайтын болады. Жұмысшының тәжірибесі мен білімі оның еңбек өтіліміне, ал еңбек өтілімі адамның жасымен байланысты. Сондықтан да өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен ауырлығына еңбек өтілімінің және жасының әсеріне талдау жасалды.


Бұл сұрақты зерттеу үшін зардап шеккендердің жасы мен еңбек өтілімі бойынша мәліметтердің топтамасы жасалды және зерттелетін параметрдің әрбір категориясы үшін (1) және (2) формулалар бойынша өндірістік жарақаттанудың жиілік пен ауырлық коэффициенттері анықталды. 1-4 суреттерде жұмысшылардың жасы мен еңбек өтілімі бойынша жарақаттану көрсеткіштерін бөлу көрсетілген.



Сур. 1. Зардап шеккендердің жасы бойынша өндірістік жарақаттанудың жиілік коэффициентін ( $K_{ж}$ ) бөлу



Сур. 2. Зардап шеккендердің жасы бойынша өндірістік жарақаттанудың ауырлық коэффициентін ( $K_a$ ) бөлу



Сур. 3. Зардап шеккендердің еңбек өтілімі бойынша өндірістік жарақаттанудың жиілік коэффициентін ( $K_{ж}$ ) бөлу



Сур. 4. Зардап шеккендердің еңбек өтілімі бойынша өндірістік жарақаттанудың ауырлық коэффициентін ( $K_{ж}$ ) бөлу

1-сурет графигінен 21 жастан 45 жасқа дейін өндірістік жарақаттанудың жиілік коэффициентінің ақырындап төмендеуі және соңғы категорияда барлық бөліністе ең үлкен шамаға жетіп тұрғанын көруге болады. Бірақ 46 жас және одан жоғары жас категориясында жарақаттану жиілігі күрт жоғарлап, 56 және одан жоғары жас категориясында барлық жас категориясы арасында жиілік коэффициентінің ең үлкен шамасы байқалуда. 2-сурет графигінде жарақат алушылардың жасы бойынша жарақаттардың ауырлық коэффициентін бөлу жарақат ауырлығы 21 жастан 40 жасқа дейінгі аралықта өсіп, өзінің максималды шамасына жеткенін көруге болады. 40 жастан 50 жас аралығында жарақат ауырлығы төмендеп, 51 жастан қайта өсу динамикасы байқалды.

3-суретте өндірістік жарақаттану жиілігінің коэффициенті бойынша зардап шеккендердің ең көп саны 1 жылдан 5 жылға дейінгі еңбек өтілімі категориясында байқалады. Осы категориядағы зардап шеккендердің ең үлкен шамасы жұмысшылардың төмен тәжірибесі және қабілетсіздігімен сипатталады. Әрі қарай, график бойынша 6–30 жылдық еңбек өтілі кезінде жарақат алу жиілігі төмендейтінін және бір деңгейде екенін көруге болады. Бірақ 31 және одан жоғары категориядан бастап жарақат алу жиілігі өсе бастайды. 30 және одан жоғары еңбек өтілі бар жұмысшылар 50 және одан жоғары жас категориясына жатады. Бұл жаста адам ағзасының психологиялық және физиологиялық қызметі (көру өткірлігі, есі, іс-қимыл қозғалысының бұзылуы, жылдамдылығы және т.б.) төмендей бастайды, ал ол өз кезегінде өндірістік қауіптерге реакция беруінің бәсеңдеуіне әкеледі. Сонымен қатар жарақаттанудың себептерінің бірі зардап шеккендердің өзіне деген асыра сенімділігі, өйткені жұмысшы өндірістік процесстермен таныс болғандықтан өзінің жұмысын еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарын сақтамай автоматты түрде атқаруы болып табылады.

4-суреттен еңбек өтілі 1 жылдан 30 жылға дейінгі аралықта өзгертін жұмысшылар үшін өндірістік жарақаттардың ауырлығы біраз ауытқулармен бір деңгейде екенін көруге болады. Алайда, өтілі 31 жастан асқан зардап шеккендер жарақаттың ауырлығын күрт арттырады. Бұл жұмысшылардың арасында жарақаттану ауырлығының күрт көтерілу себебін олардың жасымен

сипаттауға болады. Осы категориядағы зардап шеккендердің еңбек өтілі бойынша орташа жасы 57 жылды құрайды. Бұл жаста адам ағзасының қалпына келтіру процестері баяулайды және жарақаттың кез-келген түріне қалпына келтіру үшін көп уақыт қажет болады, нәтижесінде еңбекке жарамсыздық күндері көбейеді.

*Өндірістік жарақаттану көрсеткіштеріне уақыт сипаттамаларының ықпалы.* Адам өзінің өндірістік қызметін әртүрлі тиімділікпен атқарады, қызметінің тиімділігін ешбір себепсіз төмендете бастайды, жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайларға әкелетін қателіктер жасайды. Еңбек қауіпсіздігіне және адамның жағдайына осы құбылыстардың ықпал етуінің физикалық табиғатын, тереңділігін, сипатын және мерзімділігін жан-жақты зерттеу өте маңызды және жазатайым оқиғалар, өндірістік қауіп-қатерлер мен зияндылықты талдау барысында ерекше назарға ие болуы қажет.

Адамның жұмысқа қабілеттілігі оның ағзасының қызмет етуінің биологиялық ырғақтылығына туелді екендігі көптеген зерттеулермен дәлелденген (Мажкенов, 2014). Биологиялық ырғақтылықтың әртүрлі кезеңділіктерін ажыратады: физикалық (23 күн), эмоциялық (28 күн) және интеллектуалдық (33 күн) (Чайка, 2013). Адамның физикалық және интеллектуалды мүмкіндіктеріндегі, эмоцияны көрсетудегі, ми жұмысындағы, назар аударуындағы, ақпаратты қабылдауындағы, тануындағы, есте сақтауындағы көптеген көтерілу мен құлдырауындағы себептерінің бірі болып табылады (Прохорова, 2010). Сондықтан өндірісте жазатайым оқиғалардың пайда болу уақытын сипаттайтын тәулік уақыты, апта күндері, жыл мезгілі сияқты уақыт факторларын талдаған жөн (Ахвердова, 2015). 3-кестеде өндірістік жарақаттанудың уақыт сипаттамалары незініде мәліметтер келтірілген.

Кесте 3. Уақыт сипаттамасы негізінде өндірістік жарақаттанудың жиілік және ауырлық коэффициенттерінің мәні

| №             | Өлшем категориясы            | $K_{ж}$ | $K_{а}$ |
|---------------|------------------------------|---------|---------|
| Тәулік уақыты |                              |         |         |
| 1             | Түнгі уақыт (00:00-6:00)     | 0,428   | 156,8   |
| 2             | Таңғы уақыт (6:00-12:00)     | 0,364   | 146,3   |
| 3             | Күндізгі уақыт (12:00-18:00) | 0,291   | 145     |
| 4             | Кешкі уақыт (18:00-00:00)    | 0,391   | 154,65  |
| Апта күні     |                              |         |         |
| 1             | Дүйсенбі                     | 0,237   | 164,538 |
| 2             | Сейсенбі                     | 0,227   | 137,08  |
| 3             | Сәрсенбі                     | 0,191   | 149,047 |
| 4             | Бейсенбі                     | 0,264   | 140,413 |
| 5             | Жұма                         | 0,227   | 152,6   |
| 6             | Сенбі                        | 0,154   | 157,294 |
| 7             | Жексенбі                     | 0,173   | 157,421 |
| Жыл мезгілі   |                              |         |         |
| 1             | Қыс                          | 0,446   | 147,897 |

|   |        |       |         |
|---|--------|-------|---------|
| 2 | Көктем | 0,337 | 150,432 |
| 3 | Жаз    | 0,300 | 154,515 |
| 4 | Күз    | 0,391 | 150,581 |

3-кесте мәлеметтеріне сүйенсек, жарақаттардың ең көп саны түнгі және кешкі уақыттарда болатынын көруге болады, сонымен қоса олардың ауырлығы таңғы және күндізгі уақытқа қарағанда жоғары. Түнгі уақыттағы жұмыс адам эволюциясының ағымында қалыптасқан циркадтық (тәуліктік) ырғақтылыққа байланысты адам ағасы үшін тән емес. Осы ырғақтылықтың бұзылуы ағзаның қалыпты қызмет етпеуінің себепкері ретінде физиологиялық қабілеттілікке әсерін тигізеді, лезде реакция жасаудың төмен жылдамдығына, еңбек қабілеттілігінің төмендеуіне және жұмысшылардың қателік жасау санының өсуіне әкеледі (Анисимов, 2011). Сонымен қатар орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайының және ұйқы бастылықтың салдарынан адам ағзасының қорғаушылық қызметі қысқарып, ауыр жарақаттарға әкеледі.

3-кестедегі өндірістік жарақаттанудың жиілік және ауырлық коэффициенттерін апта күндері бойынша бөлу мәліметтерін талдайтын болсақ, зерттеліп отырған өлшемдер бойынша айтарлықтай тәуелділік байқалмайды.

3-кестеге сәйкес, күзгі және қысқы мезгілдерде жарақат алу жиілігінің жоғарылауының жалпы тенденциясы және көктемгі-жазғы мезгілдерде оның төмендеуі байқалады. Жылдың әрбір мезгілі адам ағзасының функционалды жай - күйімен және оның жұмысымен сипатталады. Күзгі және қысқы мезгілдерде жұмысшыларда холестерин деңгейінің төмендеуі, гипертония мен жүрек ишемиясының өршуі, гиповитаминоз байқалады. Осы факторлардың барлығы жалпы еңбек өнімділігінің нашарлауына, назардың, иммунитеттің, көру қабілетінің, қауіпті жағдайларға жылдам реакцияның, сондай-ақ жұмыс сапасының төмендеуіне әкеледі. Күзгі және қысқы мезгілдерде өндірістік жарақат ауырлығының төмендеуінің жалпы тенденциясы белгілі бір уақыт аралығында жеңіл дәрежелі жарақаттар санының артуымен сипатталады, ал көктем және жаз мезгілдерінде өндірістік жарақаттардың саны аз, бірақ олар ауыр дәрежелі сипатта. Көмір шахталарында өндірістік жарақаттанудың себептері мен түрлерін талдау барысында ұйымдастырушылық және психофизиологиялық септердің басымдылық рөліне назар аударған жөн, бұл жазатайым оқиғаларының динамикасын тереңірек түсінуге, қауіпсіздікті арттыру және өндірістік жарақаттардың пайда болу қауіпін төмендету бойынша мақсатты шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен себептерін талдауда жазатайым оқиғалардың пайда болуында адами фактордың ерекше орын алатынын көрсетті. Жарақаттанудың негізгі себебі адамның іс-әрекетімен байланысты, өйткені ол нақты бір әрекетті істемегендіктен немесе дұрыс әстемегендіктен туындап отырғаны айғақ. Өндірісте жұмыс істеу барысында адами факторларды толығымен ескермеу мүмкін емес, дегенімен бұл факторды тиімді басқаруға

болады. Сондықтан жазатайым оқиғалар санын төмендету үшін тәжірибеде жұмысшылардың еңбек өтілімін, жас сипаттамаларын және уақыт факторының ықпалын ескере отырып олардың кәсіби тәуекелдерін бағалау үшін ғылыми-негізделген тәсілдерді қолдану қажет.

Қазақстанның көмір шахталарында болған өндірістік жарақаттанудың статистикалық талдауы көмір шахталарында жазатайым оқиғалар 50-59 жас аралығындағы адамдарда жиі кездесетінін көрсетті. Өндірістік жарақаттануды зерттеу нәтижелері 6 жылға дейін және 31 жылдан жоғары еңбек өтілімі бар адамдар көбіне жарақат алатынын көрсетеді. Жарақаттар көбінесе түнгі және кешкі уақытта және суық мезгілде орын алып отыр.

Жазатайым оқиғаларды статистикалық талдаудың алынған нәтижелері өндірістік жарақаттануды болжауды және алдын алуды жүзеге асыруға, сондай-ақ көмір шахталарында адам факторы мен кәсіптік тәуекелдерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелерге сүйене отырып көмір шахталары үшін өндірістік жарақаттануды төмендету үшін келесідей ұйымдастыру шаралары ұсынылады:

- қолайсыз уақыт меозімінде техникалық инспекторлар тарапынан ішкі бақылауды күшейту, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері бойынша қосымша нұсқама беру және оқыту және еңбекті қорғау талаптарын білуін тексеру, сондай-ақ өндірістік телімдер басшыларымен, бригадирлерімен жұмыстарды қосымша келісу;

- 50 жастан 59 жасқа дейінгі жас тобындағы кеншілерді еңбек өтіліне сәйкес зейнетақымен лайықты демалысқа жіберу ұсынылады және осы жас тобындағы қызметкерлерді қарқыны төмен және күрделі жұмыстарға тарту, оларға қосымша демалыс уақытын бере отырып жұмыс режимін белгілеу;

- жұмыс тәжірибесі аз жұмысшылар үшін өз дағдылары мен тәжірибесін бөлісе алатын ұстаздарды тағайындау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

М.И. Мырзалиев. Развитие инновационной деятельности в Республике Казахстан: тенденции и перспективы. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. №3 (82) 2011. С. 275–280

Б. Ахметжанов, К.Б. Тажибекова, А.А. Шаметова. Угольная промышленность Казахстана: проблемы и перспективы. Вестник Карагандинского университета. Серия «Экономика». № 4(92)/2018. С. 63–69

Сайт центра деловой информации Капитал. За годы независимости в Казахстане добыли 2,8 млрд тонн угля. 26.08.2021 [Электронный ресурс]. URL:

<https://kapital.kz/economic/98210/za-gody-nezavisimosti-v-kazakhstane-dobyli-2-8-mlrd-tonn-uglya.html-2021>

Сафинов К.Б. Участие Казахстана в энергетической интеграции ЕАЭС. Инновации и инвестиции. №3, 2017. С. 90–95

Национальный обзор по охране труда в Республике Казахстан. Министерство труда и социальной защиты населения РК. - Астана. - 2008. –42 с. [Электронный ресурс]. URL: [https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/genericdocument/wcms\\_306180.pdf](https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/genericdocument/wcms_306180.pdf) - 2008

Сайт Бюро национальной статистики. Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Численность работников, занятых во вредных и других



неблагоприятных условиях труда в 2022 году. [Электронный ресурс]. URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/chislennost-rabotnikov-zanyatykh-vo-vrednykh-i-drugikh-neblagopriyatnykh-usloviyakh-truda-v-2022-god/> - 10.04.2023

Сайт Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Концепция безопасного труда в Республике Казахстан до 2030 года. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/285862?lang=ru> - 10.04.2023

Мажженов С.А. Применение теории биологических ритмов человека для предупреждения несчастных случаев // Журнал Безопасность в промышленности, 2014 (Казахстан). № 2. - С. 13–17.

Чайка В.Я. Методика прогнозирования работоспособности и надежности на основе биологических циклов организма // Методическое пособие. – Караганда, 2013 г. С. – 25.

Проخورова Э.М. Биологические ритмы и здоровье // Журнал Сервис Plus №3, 2010 г. С. 20–26.

Ахвердова И.А. Влияние биоритмов как законов жизнедеятельности на работоспособность человека // Вестник Ставропольского государственного университета №40, 2015 г. – С. 129–135.

Анисимов В.Н. Мелатонин. Роль в организме, применение в клинике. – СПб, 2011. – 40 с.

Тимченко А. Н. Основы биоритмологии: учебно-методическое пособие. – Харьков: ХНУ имени В. Н. Каразина, 2012 г. – С. 148.

Дедов И.И. Биоритмы гормонов. М.: Медицина, 2012 г. – С. 256.

#### REFERENCES

M.I. Myrzaliev. Development of innovation activity in the Republic of Kazakhstan: trends and prospects. Bulletin of L.N. Gumilev Eurasian National University. №3 (82) 2011. Pp. 275–280

Б. Akhmetzhanov, K.B. Tazhibekova, A.A. Shametova. Coal industry of Kazakhstan: problems and prospects. Bulletin of Karaganda University. Series "Economics". № 4(92)/2018. Pp. 63–69

The site of the business information center Kapital. Over the years of independence in Kazakhstan extracted 2.8 billion tons of coal. [Electronic resource]. URL: <https://kapital.kz/economic/98210/zagody-nezavisimosti-v-kazahstane-dobyli-2-8-mlrd-tonn-uglya.html> - 2021

Safinov K. B. Participation of Kazakhstan in the EAEU energy integration. Innovations and investments. №3, 2017. Pp. 90–95

National review on labor protection in the Republic of Kazakhstan. Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan. - Astana. - 2008. -42 p. [Electronic resource]. URL: [https://www.ilo.org/wcmstp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/genericdocument/wcms\\_306180.pdf](https://www.ilo.org/wcmstp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/---sro-moscow/documents/genericdocument/wcms_306180.pdf) - 2008

Website of the Bureau of National Statistics. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. The number of workers employed in harmful and other unfavorable working conditions in 2022. [Electronic resource]. URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/chislennost-rabotnikov-zanyatykh-vo-vrednykh-i-drugikh-neblagopriyatnykh-usloviyakh-truda-v-2022-god/> - 10.04.2023

Website of the Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan. The concept of safe labor in the Republic of Kazakhstan until 2030. [Electronic resource]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/285862?lang=ru> - 10.04.2023

Mazhkenov S.A. Application of the theory of human biological rhythms to prevent accidents // Journal of Safety in Industry, 2014 (Kazakhstan). № 2. - Pp. 13–17.

Chaika, V.Ya. Methodology for predicting workability and reliability on the basis of biological cycles of the organism // Methodical manual. - Karaganda, 2013. P. - 25.

Prokhorova E.M. Biological rhythms and health // Journal Service Plus № 3, 2010. Pp. 20–26.

Akhverdova I.A. Influence of biorhythms as laws of life activity on human performance // Bulletin of Stavropol State University № 40, 2015. - Pp. 129–135.

Anisimov V.N. Melatonin. Role in the body, application in the clinic. - SPb, 2011. - 40 с.

Timchenko A.N. Fundamentals of biorhythmology: teaching manual. - Kharkiv: V.N. Karazin Kharkiv National University, 2012. - p. 148.

Dedov I.I. Biorhythms of hormones. Moscow: Medicine, 2012. - p. 256.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991–3494  
Volume 4. Number 404 (2023), 330-346  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.554>

UDC 351.822, 004.056

© **L.T. Akilzhanova**<sup>1\*</sup>, **A.T. Zhanseitov**<sup>2</sup>, **A.B. Myrzhykbayeva**<sup>3</sup>,  
**S.B. Baibossynov**<sup>2</sup>, 2023

<sup>1</sup>Karaganda University of Kazpotrebooyuz, Karaganda, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Academy of Public Administration under the President of the Republic of  
Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan;

<sup>3</sup>Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan.

E-mail: [77783100@mail.ru](mailto:77783100@mail.ru)

## **FINANCIAL STATE PLANNING FOR STABILITY OF THE NATIONAL ECONOMY AND SUSTAINABLE DEVELOPMENT**

**Akilzhanova Lyazzat Tokenovna** — PhD Doctoral student, Karaganda University of Kazpotrebooyuz,  
Karaganda, Kazakhstan

E-mail: [77783100@mail.ru](mailto:77783100@mail.ru). ORCID: 0000-0002-6326-6565;

**Zhanseitov Azamat Toleshovich** — Master of science, Academy of Public Administration under the  
President of the Republic of Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan

E-mail: [azamat.zhanseitov@icloud.com](mailto:azamat.zhanseitov@icloud.com). ORCID: 0000-0001-9495-0530;

**Myrzhykbayeva Ainur Beisenovna** — Associate professor, Karaganda Buketov University,  
Karaganda, Kazakhstan

E-mail: [ainurm2000@mail.ru](mailto:ainurm2000@mail.ru). ORCID: 0000-0002-7183-7911;

**Baibossynov Serikzhan Berikbayevich** — Professor, Academy of Public Administration under the  
President of the Republic of Kazakhstan, Karaganda, Karaganda, Kazakhstan

E-mail: [s.baibossynov@apa.kz](mailto:s.baibossynov@apa.kz). ORCID: 0000-0002-3881-454X.

**Abstract.** The financing strategy is at the heart of a comprehensive national financing system. It brings together existing policy and institutional structures to support the financing of national development strategies and plans. However, the problem is that there is no single financial strategy that covers all specialized and related areas of public administration. That is why this topic is relevant for the implementation of the state strategy of the Government of the Republic of Kazakhstan at all levels. The research methodology is based on general scientific methods of classification, logical and comparative analysis, synthesis, generalization. The research is based on the dialectical method, which consists in the study of phenomena in their constant development and interrelation, which ensures the integrity, comprehensiveness and reliability of the work. An integrated approach is to study financing strategies within the framework of the work of international organizations. The key hypothesis is that it is possible to develop a universal instruction for all countries for the most effective financial planning that implements the Sustainable

Development Goals. Main conclusions: it is necessary to take into account all cycles of national development plans; it is extremely important to interact on an inclusive basis with the legislature, the private sector, civil society, development partners and other relevant stakeholders; periodically audit all goals, perhaps some of them may already be irrelevant; take into account the technical possibilities of implementing the strategy at all levels. Officials of national and local authorities are the main audience of this material. The process of developing a financing strategy also opens up opportunities for improved coordination and interaction between ministries and departments; and can be a guide for non-governmental stakeholders, especially development partners, in coordinating and coordinating their support.

**Keywords:** financial planning, international organizations, national economy, state strategy

© Л.Т. Акильжанова<sup>1\*</sup>, А.Т. Жансейтов<sup>2</sup>, А.Б. Мыржыкбаева<sup>3</sup>,

С.Б. Байбосынов<sup>2</sup>, 2023

<sup>1</sup>Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы;

<sup>3</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

E-mail: 77783100@mail.ru

## ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ

**Ақылжанова Ләззат Төкенқызы** — PhD Докторанты. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: 77783100@mail.ru. ORCID: 0000-0002-6326-6565;

**Жансейтов Азамат Толешевич** — ғылым магистрі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: azamat.zhansetov@icloud.com. ORCID: 0000-0001-9495-0530;

**Мыржыкбаева Айнура Бейсеновна** — доцент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: ainurm2000@mail.ru. ORCID: 0000-0002-7183-7911;

**Байбосынов Серикжан Берикбаевич** — профессор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: s.baibossynov@apa.kz. ORCID: 0000-0002-3881-454X.

**Аннотация.** Қаржыландыру стратегиясы кешенді ұлттық қаржыландыру жүйесінің негізінде жатыр. Ол ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларын қаржыландыруды қолдау үшін қолданыстағы саяси және институционалдық құрылымдарды біріктіреді. Алайда, мәселе мемлекеттік басқарудың барлық мамандандырылған және сабақтас салаларын қамтитын бірыңғай қаржылық стратегияның жоқтығында. Сондықтан бұл тақырып Қазақстан Республикасы Үкіметінің барлық деңгейдегі мемлекеттік стратегиясын іске асыру үшін өзекті. Зерттеу әдістемесі жіктеудің, логикалық және салыстырмалы

талдаудың, синтездің, жалпылаудың жалпы ғылыми әдістеріне негізделген. Зерттеудің негізінде диалектикалық әдіс жатыр, ол құбылыстарды олардың тұрақты дамуы мен өзара байланысын зерттеу болып табылады, бұл жұмыстың тұтастығын, жан-жақтылығын және сенімділігін қамтамасыз етеді. Кешенді тәсіл халықаралық ұйымдардың жұмысы шеңберінде қаржыландыру стратегияларын зерттеуден тұрады. Негізгі гипотеза-тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыратын ең тиімді қаржылық жоспарлау үшін барлық елдер үшін әмбебап Нұсқаулық әзірлеуге болады. Негізгі қорытындылар: барлығын ескеру қажет ұлттық даму жоспарларының циклдары; заң шығарушы органмен, жеке сектормен, азаматтық қоғаммен, даму серіктестерімен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен инклюзивті негізде өзара әрекеттесу өте маңызды; барлық мақсаттарға мезгіл-мезгіл тексеру жүргізу, мүмкін олардың кейбіреулері онсыз да маңызды болмауы мүмкін; стратегияны барлық деңгейлерде іске асырудың техникалық мүмкіндіктерін ескеру. Ұлттық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шенеуніктері осы материалдың негізгі аудиториясы болып табылады. Қаржыландыру стратегиясын әзірлеу процесі сонымен қатар министрліктер мен ведомстволар арасындағы үйлестіру мен өзара әрекеттесуді жақсартуға мүмкіндік береді; және мемлекеттік емес мүдделі тараптар үшін, әсіресе Даму серіктестері үшін оларды қолдауды үйлестіру мен үйлестіруде нұсқаулық бола алады.

**Түйін сөздер:** қаржылық жоспарлау, халықаралық ұйымдар, Ұлттық экономика, мемлекеттік стратегия

© Л.Т. Ақылжанова<sup>1\*</sup>, А.Т. Жансейтов<sup>2</sup>, А.Б. Мыржыкбаева<sup>3</sup>,  
С.Б. Байбосынов<sup>2</sup>, 2023

<sup>1</sup>Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза,  
Караганда, Казахстан;

<sup>2</sup>Академия государственного управления при Президенте  
Республики Казахстан;

<sup>3</sup>Карагандинский университет имени Букетова, Караганда, Казахстан.  
E-mail: 77783100@mail.ru

## **ФИНАНСОВОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ ОБЕСПЕЧИВАЮЩЕЕ СТАБИЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ**

Ақильжанова Ляззат Төкеновна — докторант PhD, Карагандинский университет  
Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан

E-mail: 77783100@mail.ru. ORCID: 0000-0002-6326-6565;

Жансейтов Азамат Толешевич — магистр наук, Академия государственного управления при  
Президенте Республики Казахстан, Караганда, Казахстан

E-mail: azamat.zhanseitov@icloud.com. ORCID: 0000-0001-9495-0530;

Мыржыкбаева Айнур Бейсеновна — доцент, Карагандинский университет имени Букетова,  
Караганда, Казахстан

E-mail: ainurm2000@mail.ru. ORCID: 0000-0002-7183-7911;

**Байбосынов Серикжан Берикбаевич** — профессор, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Караганда, Казахстан  
E-mail: s.baibossynov@apa.kz. ORCID: 0000-0002-3881-454X.

**Аннотация.** Стратегия финансирования лежит в основе комплексной национальной системы финансирования. Она объединяет существующие политические и институциональные структуры для поддержки финансирования национальных стратегий и планов развития. Однако проблема заключается в том, что отсутствует единая финансовая стратегия, которая охватывает все специализированные и смежные сферы государственного управления. Именно поэтому данная тема актуальна для реализации государственной стратегии Правительства Республики Казахстан на всех уровнях. Методология исследования базируется на общенаучных методах классификации, логического и сравнительного анализа, синтеза, обобщения. В основе исследования лежит диалектический метод, заключающийся в изучении явлений в их постоянном развитии и взаимосвязи, что обеспечивает целостность, всесторонность и достоверность работы. Комплексный подход заключается в исследовании стратегий финансирования в рамках работы международных организаций. Ключевая гипотеза заключается в том, что возможно разработать универсальную инструкцию для всех стран для наиболее эффективного финансового планирования, реализующей цели устойчивого развития. Основные выводы: необходимо учитывать все с циклов национальных планов развития; крайне важно взаимодействовать на инклюзивной основе с законодательной властью, частным сектором, гражданским обществом, партнерами по развитию и другими соответствующими заинтересованными сторонами; периодически проводить ревизию всех целей, возможно некоторые из них могут быть уже неактуальны; учитывать технические возможности реализации стратегии на всех уровнях. Должностные лица национальных и местных органов власти являются основной аудиторией этого материала. Процесс разработки стратегии финансирования также открывает возможности для улучшения координации и взаимодействия между министерствами и ведомствами; и может быть ориентиром для негосударственных заинтересованных сторон, особенно партнеров по развитию, в координации и согласовании их поддержки.

**Ключевые слова:** финансовое планирование, международные организации, национальная экономика, государственная стратегия

### **Introduction**

Climate change is already affecting people's well-being and economic development. Empirical evidence suggests that climate change is increasing the intensity of extreme weather events around the world, including exacerbating drought and leading to massive losses of coral reefs. These effects are felt by about 1°C warming compared to pre-industrial levels. The understanding of the scale of risks and the need for urgent action was further confirmed by the special report of the Intergovernmental Panel on Climate Change (IPCC) on global warming by 1.5

°C, published in 2018. The report highlights the various impacts that will occur if global temperatures rise by 1.5 °C with subsequent stabilization, which is the lower part of the target temperature range stipulated by the Paris Agreement in 2015. The consequences include an increase in the frequency and intensity of hot days in mid-latitude countries and from the frequency of extremely cold days in high latitudes. Along with an increase in temperature, it would be possible to observe an increase in sea level by 0.4 meters, a reduction in coral reefs by up to 90 %, the loss of 6 % of insect species, an increase in the intensity of extreme events (hurricanes, floods, etc.) and an increase in the average duration of periods. from the drought. The consequences will not be the same in different parts of the world (Ed. Wynne, 2012).

In the case of warming by 2 °C, all these consequences will intensify, reaching in many cases more than twice the effect observed at 1.5 °C. 5. Warming of this magnitude will also increase the likelihood of reaching potentially irreversible biophysical thresholds (or tipping points), for example, permafrost melting or climate change, loss of ice the cover of Greenland, which will lead to an inevitable cycle of temperature rise with all the consequences for society that follow from this. Each further increase in temperature in Greenland can lead to even more warming. Temperature changes lead to increasingly significant impacts and risks.

In this context, the chosen topic of the scientific article is also relevant for the Republic of Kazakhstan. Taking into account, first of all, the risks of climate change, the rapid development of the national economy, as well as rapidly changing external economic conditions, it is also important for the government to develop a high-quality overall development strategy that covers not only financial planning, but will also take into account the development of the economy without harming the environment.

The novelty of the scientific research lies in the fact that the authors of the work take into account the factors of the Sustainable Development Goals in the formation of a strategy for the development of economies, both global and national.

### **Materials and main methods**

The theoretical and methodological basis of the research is scientific ideas, concepts and developments contained in the fundamental works of domestic and foreign scientists in the field of economic theory, the public sector of the economy, management and financial planning. The source base was provided by documents of international organizations, such as the Addis Ababa Action Agenda-the outcome document of the Third International Conference on Financing for Development, United Nations documents, as well as data from the International Monetary Fund (Benito et al., 2007).

In the course of writing, the international legal framework and recommendations of international institutions for financial planning were studied. As a result of the study, a step-by-step instruction was developed for financial planning of the national economy that implements the Sustainable Development Goals.

The methodology of scientific work includes a general philosophical method of cognition and methods of specific science, in our case — strategic planning. The most important points of application of the methodology are:

- statement of the problem and justification of its relevance;
- definition of the object, subject and boundaries of the study;
- study of the available literature on this issue and critical analysis of existing points of view on certain issues;
- clarification of the conceptual framework of the study;
- selection of research tools and methods, means (resources) and stages of research work, construction of a scientific theory.

### Results and Discussion

Concretely, sustainable development is a way of organizing society in such a way as to allow it to exist in the long term. This implies taking into account both the present imperatives but also those of the future, such as the preservation of the environment and natural resources or social and economic equity.

The "official" definition of sustainable development was first elaborated in the Bruntland Report in 1987. This report was the synthesis resulting from the first world commission on environment and development of the UN (Roth et al., 2016).



Fig.1 – The 3 pillars of sustainable development

Unlike economic development, sustainable development is a development that takes into account three dimensions: economic, environmental and social. The three pillars of sustainable development that are traditionally used to define it are therefore: the economy, the social and the environment. The particularity of sustainable development is to be located at the crossroads of these 3 pillars (Fig. 1).

The word sustainable development appears in the early 1970s and 1980s in scientific writings. One of the first referenced texts making use of this concept in the current sense is the Report of the Club of Rome "Halt to Growth", but we find instances of it in other texts of the same period in various disciplines (Çelik, Serdar, 2014). This report published in 1972 and written by two MIT scientists attempted to question our model of economic development based on infinite economic growth in a world with finite resources. He then showed the ecological limits of our model.

At the international level, we are starting to talk about sustainable development for the first time in the reports of the Congresses of the IUCN (International Union for the Conservation of Nature). But long before that, sustainable development had begun to emerge as an idea.

Sustainable development: the causes of the emergence of the concept

